



● МӘДЕНИ МҰРА



Табиғат аясындағы қызықты сәт

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының құрылғанына бір ғасыр. Осы уақыт ішінде мұражай қоры құнды заттармен толығып, нығая түсті. Мұражайға келушілердің саны да артты. Тобыл жеріне келген қонақтар мұражайға

бас сұқпай кетпейтіні де белгілі. Осы жүз жылдық шарасы аясында мұражай қызметкерлері тағы бір қызықты шараны ұйымдастырды.

«Мұражаймен табиғат аясында» өткен бір күн қызыққа толы болды. Кешкі 5-тен 8-ге дейінгі аралықта мұражай маңы түрлі көңілді бағдарламалар алаңына айналды десе болады. Мұның бәрі де та-

биғат аясында, XX ғасыр стилінде өтті.

Кешқұрым мұражай жанына біз де бардық. Ол жер толы халық екен. Балаларын ерткен көпшілік мұндай қызықты болады деп күтпесе керек. Мұражайдың қасына киіз үй тігілген.

СУРЕТТЕ: кешті қызықтаған жастар. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



● ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

Астықты өңірде — жаңа элеватор

Нұрболат
МЕШТБАЕВ

Елімізде ғаламдық қаржы дағдарысына қарамастан ғылымды, жаңа технологияны, техниканы өндіріспен тығыз байланыстыра отырып «Индустриалық-инновациялық даму» бағыты қарқын алып келеді. Соның арқасында экономикамыз бәсекеге қабілеттілік күшін арттыра түсіп, өндіріс жаңа мүмкіндіктерді толық пайдаға жаратуда.

Керек десеңіз, заманға сай жаңа бет бұрыстың нәтижесінде индустриясы дамыған бірқатар елдердің ішкі жалпы өнімі осы бағыт аясында технологиясы, құрал-жабдықтары, тіпті, кадрлар даярлауы бірнеше есеге өсіп, қарыштап келеді.

Нарықтық бәсекелестіктің негізгі факторы қазір осыған сүйенуде. Үкіметке жүктеген мемлекеттік бағдарламаларының алғы шарттарының негізінде мұны өз сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та дәлелдеген еді.

3-бет



СУРЕТТЕ: Тобыл кентіндегі жаңа элеватор. Суретті түсірген автор.

Төлегеновтерге дауыс берейік!

Елбасымыздың бастамасымен бастау алған «Мерейлі отбасы» байқауы биыл да жалғасын тауып жатыр. Аталған сайысқа біздің Қостанай облысынан көп балалы Төлегеновтер отбасының қатысып жатқандығы туралы газетіміздің өткен сандарында жариялаған болатынбыз. Міне, байқау жеңімпаздарын анықтайтын күн де алыс емес. Небәрі екі-ақ күн қалды, яғни 10 қыркүйекте дауыс беру аяқталады. Алайда, осы екі күннің ішінде жерлестеріміздің республикалық ұлттық бұл байқауда жеңімпаз атануы да сіз бен біздің қолымызда, ағайын. Олай болса, www.kaztube.kz сайты арқылы немесе Kcell, Beeline, Altel, Tele2 мобильдік операторлары арқылы мына 6284 қысқа нөміріне СМС арқылы және 8-803-080-00 телефон нөмірлері арқылы дауыс беріңіздер. Сіз дауыс беретін Төлегеновтер отбасының нөмірі – 11. Жерлестеріміздің жеңімпаз атануына қолдау білдірейік, ағайын!

«Ашық есік» күні өтеді

Қостанай облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаментінде 2015 жылдың 18 қыркүйегінде «Ашық есік» күні өткізіледі.

Іс-шараның барысында Департамент басшылығы азаматтарды жеке қабылдау жүргізеді, сондай-ақ, Департаменттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің, мемлекеттік қызметтен өту туралы (тестілеу, заңнаманы бұзу және т.б.) мәселелері бойынша кеңес беріледі. Біздің мекен-жайымыз: Қостанай қ. Гашек көшесі 4.

Жеке қабылдауға: 914-212 нөмірі арқылы жазылуға болады.

Сонымен қатар, қызықтырған мәселелер бойынша өз хабарламаларыңызды WhatsApp: +7-707-122-1494, Skype: DADGSPK1494. арқылы жібере аласыз.

● БАЙҚАУ

Жүректен шыққан шымыр сөз

Гүлназым
САҒИТОВА

Облыс орталығындағы Достық үйінде Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық байқауының облыстық кезеңі болып өтті.



– Байқаудың басты мақсаты ең алдымен мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, тіл мәдениетін көтеру, жастар мен жасөспірімдер, оқушылар арасында көркем әдебиетті насихаттауды жандандыру, талапты да талантты жастарды іздеп табу. Байқауға қалалық, аудандық кезеңнің жеңімпаздары атанған он төрт сайыскер қатысуда. Байқау шарты бойынша 16-22 жастағы жастар қатыса алады. Сол секілді байқау барысында тек Оралхан Бөкейдің ғана емес, басқа да еліміздің ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан да үзінді оқи алады. Өткен жылғы байқауда жеңімпаз атанған рудныйлық Жансая Мұратбаева республикалық байқауда үшінші орынды жеңіп алды. Жылдан жылға жастар арасында ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан үзіндіні жатқа оқу саны артып келеді. Ол да үлкен қуаныш, – дейді облыстық тілдерді дамыту басқармасының бас маманы Саида Бажерова.

Қатысушылар өздерінің тіл ұстарту шеберліктерін прозалық, драмалық шығармалардан үзінді, мәнерлеп өлең оқып көрсете білді. Мәселен, Қостанай ауданынан келген Ғайни Адилпанова, қарасулық Әлішер Қуанышбек Оралхан Бөкейдің «Жылымық», тарандық Балзина Атымтаева «Апамның астауы» әңгімелерінен үзінді оқығанда байқағанымыз сол, әңгіме үзінділерін нақышына келтіріп, мәнерлеп, дауыс ырғақтарын өзгертіп оқығанымен, орыс әріптерін айту дикциясы байқалды. Басқа қатысушыларда сондай бірлі-жарым кемшіліктер кездескенімен драмадан, прозалық шығармалардан үзінділерді жоғары деңгейде оқығандарын атап өткіміз келеді. Әрқайсысы көркемсөз оқудың шебері, жүйрігі. Бір-бірінен қалысар емес. Өйткені, жеңімпаз Астана қаласында өтетін Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің республикалық байқауына қатысуға мүмкіндік алады.

СУРЕТТЕ: байқаудан көрініс.
Суретті түсірген Айбек ЖУЗБАЙ.

● ЖАҢА АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ

Қалқаман ЖАҚЫП,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры:

«Абыржуға негіз жоқ»



Бүгінде әлем экономикасы өте күрделі жағдайды бастан өткеріп отыр. Оған бірқатар шикізат көздерінің құнсыздануы, әсіресе мұнай бағасының құлдырауы себепкер болуда. Әри-

не, бұл жағдай біздің елімізге де кері әсерін тигізбей жатқан жоқ. Себебі, біздің еліміз де өз тауарларын әлемдік рынокқа шығарады. Осы мәселеге байланысты үкімет ел экономикасының тұрақтылығы үшін теңге бағамының еркін айналымын қамтамасыз ету сияқты нақты қадамдарға барып отыр. Осыған орай, елімізде азық-түлік бағасының өсуіне жол берілмес үшін барлық қажетті шаралар қолға алынуда. Елбасымыз да қиындықтарға қарамастан халықтың әлеуметтік жағдайының басты назарда болатындығын қадап айтты. Сондықтан, Елбасының тапсырмасымен қазір облыс орталықтарында жағдайды бақылауға алатын арнайы штабтар да құрылды. Сайып келгенде,

осының бәрі халық үшін жасалынып жатқандығын ұмытпауымыз керек. Өз басым, доллар өсті екен деп босқа дүрлігудің қажеті жоқ деп санаймын, себебі біз түрлі әлеуметтік төлемдерді теңгемен төлейміз, еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақыны да теңгемен аламыз. Олай болса, ешқандай қорқыныш болмауға тиіс. Мұның бәрі өткінші, себебі біз талай сынақтардан өттік, сондықтан бұл сынақтан да өтерімізге сенімім мол. Тек, мұндай кезде сабырлылық танытып, жақсы күндерге жету үшін Елбасымызбен бірге болып, игі істерге жұмыла кірісуіміз керек. Әркім, әр ұжым өз жұмыстарын табысты атқаруға атсалыссын. Ең бастысы, егемендіміз ұзағынан болып, еліміз тыныш болсын деп тілейік!

«Жолашар» акциясы

Гүлназым
САҒИТОВА

Облысымызда 1 тамыздан бастап «Жолашар» атты республикалық акциясы басталды. Облыстық білім басқармасы мамандарының айтуынша, шара 1 қарашаға дейін созылады. Акцияның мақсаты – оқушылардың бойында өздері құралпы мүмкіндіктері шектеулі жандарға деген толеранттық қарым-қатынасты қалыптастыру, жастарды әлеу-

меттік маңызға ие жұмыстарды ұйымдастыру процесіне жұмылдыру, қоғамда ерекше білім беру талаптарына мұқтаж балаларды ойдағыдай біріктіруге мүмкіндік беретін инклюзивті білім беру кеңістігін ұйымдастыру үшін жағдай жасау, балалар бойында адамгершілік құндылықтар, яғни жасөспірімдерді, жастарды тәрбиеге баулу, қайырымдылық, мейірімділік пен аяушылық қасиеттерінің үйлесім табуына, шығармашылық және өнер

арқылы қоғамда мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу мен біріктіруге жағдай жасау, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мен танымал етуге жәрдемдесу. Акция аясында диалог алаңдары ұйымдастырылып, тренинг, «дөңгелек үстел», балалардың, ата-аналардың, білім алушы жастардың, мемлекеттік құрылым өкілдерінің қатысуымен медиа-марафон, кеңес беру секілді шаралар өтеді.

Табиғат аясындағы қызықты сәт

Маңында пешке қазан қойылып, ыстық бауырсақ пісіп жатыр. Өзге ұлт өкілдері нан пісіруші қыздардан: «осындай тәтті әрі жұп-жұмсақ бауырсақты қалай әзірлейсіздер?» деп сұрап та қояды. Қазаннан түскен ыстық бауырсақ табақ-табақ болып бірден киіз үйге жіберілуде. Киіз үйдің іші де жайнап тұр. Бар жасауымен жарқырайды. Екі жер үстелге бауырсақ шашылып, тәтті көмпиттер де қойылыпты. Жағалай отырғандарға шай ұсынылуда. Осылай бірі кіріп, бірі шығып дастарқаннан дәм татуда. Ешкім де таласа тармаса мазаны алып, берекені кетіріп жатқан жоқ. Кезегімен кіріп, дәм татып, киіз үйді тамашалап жатыр. Бұл әсіресе балаларға қызық. Қала баласы киіз үйді қайдан білсін. Әрбір затты қолымен ұстап, шаңыраққа қарап, тамсаныстарын да жасыра алмайды.

Ал аулада небір қызық. Бір жерде палуандар күресі (балалар арасында), бір жерде цирк өнерпаздары, енді бір жерде лотерея ойнатылуда. Сонымен қатар мұражайдың ішін аралап, танысып шығуға да мүмкіндік бар. Оның іші де күндегідей емес. Қолөнер шеберлерінің заттары, мұражай тарихынан сыр шертетін деректі фильмдер көрсетілуде. Мұражай қызметкерлері өткен ғасыр стилінде киініп алған. Ұзын көйлек, әдемі шляпа, қолдарында желпеуіштері де бар. Олардың қасында жүріп, тарих қойнауына еніп кеткендей әсер алады екенсің. Күн де тамаша болды.

Ұтыс билеттері 100 теңге тұрады. Ал сыйлыққа мұражайдың 100 жылдығына арналған кәдесый.



Ұтып алғандар қуаныштарын жасыра алмай, мәз болуда.

– Екі баламды ертіп келген едім. Кеш сондай қызықты. Балалар бір сағат бойы циркті тамашалады. Ойнап, өзі де бірге араласып кетті. Киіз үйдің ішіне кіріп, отырып, дастарқаннан дәм татты. Қызым болса мұражай ішін аралап шықты. Және өзі ұнатқандай бетіне сурет салдырды. Бұл аквагрим деп аталады екен. Ең бастысы, балаларға да, үлкендерге де бұл күн ұнады. Ұйымдастырушыларға мың алғыс. Халықпен осындай емін еркін араласқан дұрыс деп ойлаймын, – дейді қала тұрғыны Айгүл Өлім.

Осылайша бір кеш қызыққа толы болды. Тарихи деректерге қанық болып, қызықты демалыс сәтті өтті.

Астықты өңірде — жаңа элеватор

1-бет. Расында да, жаңа технологияларды кәсіпорында енгізе отырып, өндірістің тиімділігін күшейтіп, тауарлар сапасын арттыру экономиканың негізгі құралы.

Соның негізінде өңірде аса бір стратегиялық-қаржылық жобаның жақында тұсауы кесіліп, өз жұмысын бастап та кетті. Ол – Таран ауданындағы Тобыл поселкесінде «Olzha Storage» ЖШС-нің элеватор кешені.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының аясында бастау алған элеватордың ашылу салтанатына облыс әкімі Нұралы Садуақасов қатысып, ұжымға жылы лебізін білдірді.

– Көптен күткен тамаша жобаның іске асқандығына барлығымыз разымыз. 2011 жылы естеріңізде болса, бітік шыққан астықты сақтайтын элеватор кешеніне тапшылық сезілген еді. Енді бүгін соның алдын алып, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу үдесінен шығып, Тобыл поселкесінде қазіргі заманға лайық элеватор кешені жұмыс істеуде, – деп өңір басшысы салтанатты шараға жиналған ұжымға, диқандарға игі тілегін жеткізіп, астық қабылдайтын орынды аралап, учаске басшысы Абай Құдабаевпен пікірлесті.

– Міне, бүгін іске қосылған элеватор алғашқы жүк машинасын қабылдап, қоймаға астықты жөнелтуде, – деп Абай Құдабаев жұмыс процесін облыс әкіміне таныстыра бастады. – Құрал-жабдықтарымыз да қазіргі заманға лайық. Биылғы жылы 8 қойма, әрқайсысы 5000 тонна астықты қабылдайды. Мен басқаратын учаскеде небәрі төрт ақ адам жұмыс істейді. Ал, қалғанын өзіңіз көріп отырғандай, осы техника атқарады, – деді учаске басшысы.

Содан соң өңір басшысы бидайдың сапасын анықтайтын лабораторияға келіп, мұндағы жағдаймен танысты. Лаборатория меңгерушісі Антонина Шувалова да жоғары білікті маман екен. Заманауи техниканың құлағында ойнайды десе де болады. Бидайдың сапасын, клейковинасын зерттеп, өзінің іс барысындағы машығын танытып жатыр.

– Биылғы бидай бітік шығуда. Түсімі мен сапасы да жақсы. Қазіргі ауа райы мүмкіншілік беріп, тез орып алсақ, қоймамыз астыққа толары анық, – деп әзілдей сөйледі ғалым Антонина Шувалова. – Индустриялық-инновациялық бағдарлама біздің өндірісті тек экономикалық сипатта ғана емес, ғылымда да алға дамытатыны сөзсіз. Мұндағы мамандар жаңа технологияны игеру арқылы ғылымда да жетістікке жетеді деп үміттенемін, – деді сөзін әрі қарай жалғастырып.

Асылы, жаңа технологиялар мен ақпараттық технологияларға сүйеніп, ғылымды көп қажетсінетін отандық өндірісті дамыту хәм бәсекеге қабілетті өнімдерді шығара білу бүгінгі экономиканың көрінісі. Міне, сол тұрғыдан бүкіл инфрақұрылымы жарақталып ашылған элеватор сол үдеден шықпақ.

«Еліміздің алдында тұрған үлкен мақсат – мынадай алмағайып заманда экономикамызды түзеп, жағдайымызды жөндеп, индустриялық Қазақстан-



ды жасау. Сол кезде еліміздің келбеті өзгереді, басқа кадрлар даярланады, басқа ұрпақ өседі, экономика жаңарады. Біз шынымен де 30 өркендеген, өскен елдің арасына енеміз. Мақсатымыз – сол. Осындай мақсат қойған ел қызметкерлерінің жұмысы да қызық болады. Істеген жұмысыңның ертең нәтижесін көресің өзің. Қолыңмен істейсің, көзіңмен көресің, елдің ризашылығына бөленесің.

Осы жұмысты атқару – бәрімізге бақыт. Осы бақытты пайдаланып еңбектенейік, халқымызға қызмет етейік», – деп айтқан болатын Елбасымыз Н.Назарбаев үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға арналған кесте.

Президентіміздің жемісті еңбегінің нәтижесінде қазір еліміз дамыған 50 мемлекеттің қатарына қосылды. Күрделі экономикалық

және саяси міндеттерді табысты игеріп хәм шешуде басқа елдерге үлгі болатын деңгейге жеттік. Еліміздің экономикалық әлеуеті мен қоғамдағы саяси тұрақтылық, демократияның дамуы оған мүмкіндік беруде.

Соны негізге ала сөйлеген «Olzha Storage» ЖШС жобасының басшысы Едірес Смайлов бұл жобаның құрылысы 2013 жылы бастау алғанын жеткізді. Жалпы бұл өндірісті ашуға 1 млрд 679,6 млн теңге қаржы жұмсалған. Қаржы көзі «КазАгроФинанс» АҚ-нан бөлініпті. Қазір жылына 40 мың тоннаға жақын астықты қабылдауға элеватордың қауқары жетеді. Жобалық қуаты сол шамаға жеткен шақта 44 адам тұрақты жұмыспен толық қамтылады.

2020 жылдарға қарай аталған кешен жобалық қуаты 100 мың тоннаға жететін астықты қабылдауға жоспар қоюда. Бұл әрине, алдағы уақыттың еншісіндегі шаруа.

СУРЕТТЕ: Салтанатты шарадан көрініс. Суретті түсірген автор.

«... Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру құрылыс материалдарына, көліктік-коммуникациялық, энергетикалық және тұрғын үй-коммуналдық салалар үшін өнімдер мен қызмет көрсетулерге үлкен сұраныс тудырады.

Осыған байланысты, біріншіден, жұмыс істеп тұрған арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылымдар қалыптастыру жұмыстарын аяқтау керек. Үкіметке және әкімдерге оларды нақты жобалармен толықтыру бойынша жедел шаралар алу қажет. Екіншіден, өңірлерде ШОБ өндірісін дамыту мен қосымша инвестициялар тартуға бағытталған жаңа индустриялық аймақтар салу мәселесін ойластырған жөн»

Елбасы Н. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауынан

● ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

Бағдарлама қаржысы мақсатсыз жұмсалған

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Әуликөл ауданында «Сыбаға» бағдарламасын жүзеге асыруға бөлінген мемлекеттік қаражатың 11 млн. теңгесі мақсатсыз жұмсалған. Бұл туралы облыстық прокуратураның баспасөз қызметі мәлім етті.

Жалпы «Сыбаға» бағдарламасы етті тұқымның жас төлін өндіру үшін ірі қара малдың аналығын

және асыл тұқымды бұқаларды сатып алуға берілетін мемлекеттік несие. Мәселен, осы ауданға қарасты А. есімді азамат 2013 жылдың 30 сәуірінде ауылшаруашылығын дамытуды қаржылай қолдау қорынан ірі қара малдың аналығын және асыл тұқымды бұқаларды сатып алуға 11 070 000 теңге шағын несие алу туралы келісімшартқа қол қояды. Прокурорлық тексеру кезінде ол азаматтың келісімшартта көрсетілгендей, ешқандай шаруашылығы және мал

ұстайтын қора-қопсысы болмағаны анықталды. Сондай-ақ, жалған шаруашылық ашып, құжат жүзінде барлығын сақдай-сай еткен. Мемлекетке ірі көлемде шығын келтіріп, бағдарлама қаражатын бас пайдасына жаратқан. Аудан прокуратура-сының араласуынан кейін А. есімді азаматқа қатысты ҚР ҚК 219-бабы, 1,2-бөлімі бойынша қылмыстық іс қозғалып, Әуликөл аудандық сотының үкімімен 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасы кесілді.

Тобыл Торғай Тынысы

Заман талабы-креативтілік

Ұзынкөл. Білім берудің жаңа мазмұны жаңашыл, шығармашыл көзқарастары қалыптасқан мамандардың болуын талап етеді. Мұның бір көрінісі-авторлық жұмыстардың дайындалып қолданылуы. 2014-2015 оқу жылында аудан педагогтары Т.Сейдалина, С. Черненко, Н. Есімбекова, О. Сахно, С. Виниченко облыстық, республикалық әр деңгейдегі байқаулардың жеңімпазы атанды. Ал, №1 Ұзынкөл орта мектебінің «ҰБТ-ге дайындық жасауда Қазақстанның үздік мектебі» атағына иеленуі-мектеп ұжымының жаңаша педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданудың жемісі деп айтуға болады.

Отбасыны қолдау апталығы

Облыста. «Нұр Отан» партиясы ҚОФ қыркүйек айының 7-11 аралығында «Отбасыны қолдау апталығын» өткізеді. Осы мерзім ішінде партияның қоғамдық қабылдауына жазылып, отбасы мәселелеріне қатысты кәсіби психологтар мен заңгерлерден тегін кеңес алуға болады. Ашық есік күні бір аптаға жалғаспақ.

Кездесу аясында...

Арқалық. Қаладағы жалпы білім беретін №10 орта мектебінде «Дінің-дінгегің» атты имандылық іс-шарасы өтті. Шараға қаладағы мешіттің бас имамы Бектұрсын Торғайбайұлы, ішкі саясат бөлімінің діни істер жөніндегі маманы Әсет Бауыржанұлы қатысты. 8-11 сынып аралығындағы оқушыларымен кездесу аясында қонақтар Елбасымыздың атап көрсеткен «дәстүрлі құндылықтарға негізделген діни сана қалыптастыру» мәселесі бір мекеменің қолынан келетін іс емес екендігін, ол бүкіл халықтың жұмыла көтеретін жүгі әрі бойында ұлтына деген сүйіспеншілігі бар әр азаматтың абыройлы міндеті екендігін айтты. Оқушылар дін мәселесі бойынша өздерінің ойларымен бөлісе отырып, көкейдегі сұрақтарын да қойды.

Өнер шеберлеріне тәнті болды

Қамысты. Жақында Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның әншісі Гүлбану Абдуллина мен домбырашылар Ыбырай Есжан, Мұрат Хамитовтар өз өнерлерін ортаға паш етіп, аудан жұртшылығын қуантып тастады. Г.Абдуллина қазақ, орыс, өзбек тілдерінде ән шырқап, итальян, француз, ағылшын тілдерінде әртүрлі опералардан ариялар орындады. Ы.Есжан мен М.Хамитов домбырамен музыкалық сүймелдеумен күй тартып, әндердің мақамын орындап, домбыраның виртуозды тарту өнерін көрсетті.

«Мектепке жол» акциясын өткізді

Лисаков. Төтенше жағдайлар бөлімі жыл сайынғы жалпы республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына қатысты. Оның басты мақсаты жетім балаларға, ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға және көп балалы отбасылар мен тұрмысы төмен отбасыларға нақты көмек көрсету болып табылады. Акцияға төтенше жағдайлар бөлімі 5 жылдан артық уақыт қатысып келеді. Оқу жылы басталар алдында аталмыш бөлім №1 орта мектебінің 6 сынып оқушысына көмек көрсетті.

Жергілікті құтқарушылармен кездесті

Алтынсарин. Өртке қарсы қызметтің бастамасы бойынша «Нұр Отан» партиясы ғимаратында Алтынсарин ауданының «Нұр Отан» партия филиалының төраға орынбасары Қ. Әбікеевтің төрағалығымен, Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік қызмет агентігі Департаментінің мемлекеттік қызметті өткеру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бөлімінің басшысы Е. Тастанбековпен, Қостанай облысының «Нұр Отан» партиясы облыстық филиал қызметкері А.Кәменовпен кездесу өтті.

Эстафета Әуликөлде жалғасты

Әуликөл. Өткен аптаның аяғында ауданға Ресей мен Қазақстанның біріккен эстафетасы – Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына арналған Бүкіләлемдік алау эстафетасының қатысушылары келді. Эстафета Омбы қаласынан бастау алып, Петропавл-Қорған-Челябі-Қостанайдан Әуликөлге келіп отыр. Салауатты өмір салтын насихаттаған желаяқтарды Әуликөлдіктер де ерекше қошеметпен қарсы алып, сый-құрмет көрсетті. Марафоншылар 15 қыркүйекте Астана-Павлодар-Омбыға жетеді.

● КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ



– Талғат Қорғанұлы, қазір ғаламтордың дамыған заманы. Әлеуметтік желілерден сіз туралы ақпаратты табу қиынға түскен жоқ. 2000 жылы Астанадағы С.Сейфуллин атындағы аграрлық университетті тәмамдағасын бірнеше лауазымды қызметтер атқарған екенсіз. Еңбек өтіліңізге қарасақ, министрліктерде де маман болыпсыз. Бизнесіңіз де табысты басталған екен. Елордадан елге қарай бет бұруыңыз шынында да таңғаларлық...

– Бұл ең алдымен көпті көрген әкемнің берген кеңесінің нәтижесі. 11 жылдықты тәмамдағасын арман қуып оқуға аттандым. Студенттік жылдарым Астана қаласында өтті. Үйлі-баранды болдым дегендей... Қызмет, кәсіптің қызығы басталды. 2011 жылы туған жеріме, Көкалат ауылына қыдырып бардым. Асылы, елге пайдам тисе деген ниет әрбір перзентті мазалайтын болуы керек. «Осы уақытқа дейін не істедім, не істеп жүрмін, не істей аламын елге?» деген сұрақтар санамнан шықпады. Туған жер топырағындағы толғаныс ақыры, тәуекелге бел будырды. Көп кешікпей ойлаған істі қолға алдым. Кәсіпкерлерге деген мемлекет жәрдемі сенімге қанат байлады.

– Шаруашылықты тақырдан бастадыңыз. Қиынға соғады деп жүрексінген жоқсыз ба?

– Ең бірінші, 2011 жылы «Аянбай» шаруа қожалығын аштым. Албарбөгет селолық округінен әуелі жалға 48 жылға 15 000 гектар жер алдым. Кейін тағы 10 000 гектарға ұлғайып, жерім 25 000 гектарға жетті. Оған 500 бас қой мен 8 жылқы сатып алдым. Шаруа түзеле бастады, сүйтіп, 2012 жылы «Сыбаға» бағдарламасына қатысып, «Аграрлық-несие корпорациясынан» 20 млн. теңгеге 6 асыл тұқымды бұқа, 68 ірі қара, 1 МТЗ-92 тракторын, жүріп-тұруға қажетті екі жеңіл көлік пен 1 камаз машинасын әкеліп, біраз кем-кетігіміз түгенделді. Мемлекеттік бағдарламаның басты тиімділігі – несие пайызы төмен, оның үстіне мал тұқымын асылдандырғаны үшін демеуқаржы төлейді. Трактор алсаң жарты ақшаңды қайтарып береді. Бұл Елбасының кәсіпкерлерге көрсетіп отырған тікелей қамқорлығы деп білем. Мұндай жағдай жасалып тұрғанда неге тайсалуды тиіспін? Меніңше, қазіргі сәтте әрбір көзі ашық азамат кәсіппен шұғылдануы керек. Ел жақта шаруа қожалығын ашуға малы жеткілікті кісілер баршылық. Солар ресми тіркеліп, мемлекеттік бағдарламаларға қатысса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Елді де, ерді де көркейтетін еңбек»

Кәсіпкер Талғат Әмірхамзинмен сұхбат

Жанкелдин ауданындағы Көкалат ауылының тумасы Талғат Әмірхамзиннің ісі көпке үлгі. Іскер, білікті, бастысы туған жерін жан-тәнімен сүйе білген жүректі жігіт, бүгінде алымды істерді атқарып, ауылдастарының алғысына бөленіп отырған жайы бар. Таяуда Талғатпен жүздесіп, сұхбаттастық.

– Қазір Албарбөгет селолық округінде 18 шаруа қожалығы бар екен. Соның ішінде алғашқы болып дәмхана ашу сізге бұйырыпты. Кәсіп мақсаты табыс табу. Облыс орталығынан 600 шақырымдай шалғай жатқан мекенде мұндай нысан ашу қаншалықты табысты?

– Егер мен пайда қуған жан болсам, Астанада қала берер едім ғой. Мені елге жетелеген игі мақсат. Дәмханаға қаражатты «қайтарып алам» деп емес, халыққа игілігі тисін деп жұмсадым. Президент кәсіпкерлерге бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін ұмытпау керек екенін айтты емес

халықтың жылы қабылдауы қуат берді ме, келер жылы ауылдағы бос тұрған тағы бір ғимарат күрделі жөндеуден өткізіліп, ол «Әлия» дүкеніне айналды. Ең бастысы, осы нысандар арқылы ауылда 4 адамға жұмыс табылды. Екі ғимарат та елді-мекеннің орталығына сән беріп тұр. Елге деген игілікті ісіміз жалғасты болып, биыл Қайрат Бекболатов есімді ініміз Қазақ хандығының 550 жылдығы құрметіне ауылға 550 түп ағаш әкеп екті. Елбасымыздың тарихты түгендеуі үлкен тағылымды бастама. Оның үстіне Көкалат тұнып тұрған тарих қоймасы. Сол үшін де ағаш еуге сонау Астанадан арнайы барып



пе?! Мемлекет барлық жеңілдікті қарастырып отыр, кәсіпкерлер де соны түсінуі керек. Әрі маған ауылдас ағаларымның ісі үлгі болды. Қасым Баймағанбетов өз қаражатына Шәкір ата қорымын қоршап берсе, Хамит Шакин ағамыздың арқасында Көкалатта көркем мешіт бой көтерді. Ізгілікті іс жалғассын деген ниетпен бос тұрған дүкен ғимаратын дәмханаға айналдыруға шештім. Ғимарат 2011 жылы 1 қазанда пайдалануға берілді. Тұрмыс сапасын ілгерілету үшін оны барынша заман талабына сай етіп жөндедім. Ыдыс-аяқ, қажетті құрал-жабдық бәрі өзінде. 150-160 адам еркін сиятын нысанға айналды. Қазір көкалаттықтар той-томалақ өткізу үшін ыдыс тасып, шатыр тігіп әуреге түспейді. Бәрі дайын. Қаладағыдан кем емес. Бұл бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің бір игі көрінісі деп білем. Оның үстіне Көкалат 100 пайыз ауыз сумен қамтылған мекен. Дәмханаға «Ажар» деп анамның есімін бердім. Қазір тұрғындар пайдасын көріп отыр. Бастамамды

қатыстым. Меніңше, ауылды көркейтеміз деген елдің азаматтары бірін-бірі қолдап отыруы тиіс.

– Мұныңыз көңілге қонарлық әңгіме. «Шіркін, әр қалталы азамат сіздердей болса» дейміз. Қазір ауылда шаруа дөңгелентіп отырған кәсіпкерлер неге баса назар аударғаны жөн?

– Елбасы ұстанған бағыт шағын және орта бизнесті жанданту, осы ретте жергілікті атқарушы билік алдындағы міндет жұмыссыздықты азайту, тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл алдымен кәсіпкерлердің көмегімен жүзеге асатын шаруа. Кім қолынан не келеді сонымен айналысу керек. Сонда нәтижесін көреді. Мал бағу, бақша салу, сауда-саттық, өнім өндеу, қызмет түрлерін ашу, қарап тұрсаң кәсіп көп. Маған да ешкім дайын дүниені әкеп берген жоқ, ынталандым, жеңдім. Ынталы адамға мемлекеттің қолдауы орасан. Өмірдің ағымымен жүрмесең, жақсы киім, қымбат көлік, жайлы баспана өздігінен келмейді. Президент «Нақты 100 қадам» ұлт жоспарында

кәсіпкерлік, еңбекақы, ауыл-шаруашылық жерлерін нарық талабына сай игеру сынды қадау-қадау мәселелерді көрсетіп берді. Мамандығым экономист болғандықтан да, мұны жақсы түсінемін. Менің айтарым, елді де, ерді де көркейтер еңбек! Кеңес кезінде үкімет асырайды деп ауыз ашатынбыз. Бұл масыл-

– Бәрекелді, мұншалықты еңбегіңіз ескерусіз қалмаған болар?

– Мен үшін басты марапат – әке үмітін ақтап, туған жерге пайдамды тигізу. Азды-көпті атқарған істеріміз назардан тыс қалған жоқ. Шаруашылықты сауатты жүргізгенім әрі ауылдың әлеуметтік ахуалының жақса-



дық пиғылдан арылып, үкіметке не береміз, қоршаған ортаға береміз деп ойласуымыз қажет. Жоғарыда айтылған несиенің сыртында 2014 жылы 10 млн. теңге қаржы алып, оны техникаларды жетілдіруге жұмсадым. Қазір «Аянбай» шаруақожалығына қарасты мал саны – ірі-қара 300-ге, ұсақ мал 1000-ға, жылқы 50 басқа жетті. Төрт түлік түгел болсын деп түйе де алдырттым. Осының бәрін есептей келгенде, мен Көкалат ауылына 100 000 000 млн. теңге инвестиция салған екенмін. 12 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмын.

– «Кәсіпкердің бір міндеті тұрмыс сапасын жақсарту» деп қалдыңыз. Бәріміздің іздейтініміз жайлы тұрмыс. Оған қол жеткізуге де болады...

– Өз басым жұмыскерлерге жағдай жасауды бірінші кезекке қойдым. Жалақы уақытылы, оның сыртында олардың тұратын баспанасы, мінетін көлігі жаңа болуы тиіс. Сонда бәрі ықыласпен істеледі. Астана сынды үлкен мегаполистің «мектебінен» өтуім септігін тигізді. Сосын да заманауи, ашық болуға ұмтылам. Бұл қасиетім жерлестеріме де жұғысқандай. «Сыбаға» бағдарламасына қатысқанымды көріп, олар да бұқа сатып ала бастады. Маған ілесе ауылда жаңа техникалардың легі келді. Қазір Көкалат төңірегінде соңғы екі жылда келген жаңа трактор саны 15-тен асыпты. Жаңа, жол талғамайтын көліктерді де қазір көптеп кездестіресіз. Дүкен аштым, ауылда тағы да сауда орындары қосылды. Бұл бәсекелестік туды, тауар арзандады деген сөз. Мұның бәрі тұрмыстың жақсарғаны емес деп кім айта алар?! Мен көксеген бір мұрат осы болатын.

руына қосқан үлесім үшін Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай Президенттің «Ерен еңбегі» үшін медалімен марапатталдым.


– Сөз басында әке кеңесінің ықпалы деп айтып қалдыңыз. Патриот перзент тәрбиелеген ата-ана туралы оқырмандарымыз біле жүрсін деген ниетіміз бар.

– Кіндік қаным Көкалатта тамыпты. Бұл Ыбырай Алтынсарин жазған қазақтан шыққан тұңғыш кәсіпкер Қыпшақ Сейтқұлдың кетпенінің ізі тиген мекен. Арғы бабам Атахан Сейтқұлдың шабуылда бірге қаза тапқан бауыры. Атамыз Әмірхамза жадының мықтылығына байланысты «көктаспа» атанған шежіре қарт екен. Әкем Қорған да өлке тарихын зерделеп, таспаға түсіріп жүрген қария. Нағашымыз қан жағынан Наурызбайдың досы Шәкір батырға туыс, Ысқақ деген кісі. Орысша сауатты болған, соғыс жылдары радиодан «фашистер ана жерге келіп, мына жерге келіпті» деп естігенін айтқаны үшін «істі болып» жер аударылған. Анам Ажар 9 бала өмірге әкеліп, бала тәрбиесімен айналысқан кісі. Ата-анамыз бізді білімді болуға үндеді, бауырларымның барлығы әр саланың маманымыз. «Туған елге көмегің тисін» деп үгіттеген әкемнің ықпалы көп деп айтатыным содан. Әкем «түрің нағашыңа, ісің атаң Әмірхамзаға тартқан» деп әзілдейтін. Негізі, «атаның ұлы емес, адамның ұлы болсам» деген арман көбірек менде. Не істесем де жақсы ат үшін емес, адами мақсат үшін істеймін!

– Салмақты әңгімеңізге рахмет, табысты болыңыз.

Сұхбаттасқан
Абылай МАУДАНОВ.

● АҚБҰЛАҚ



Арманға биік қол созған

Айбек
КӘДІРҰЛЫ

2020 жылға дейін белгіленген мемлекеттік "Ақбұлақ" бағдарламасы облыстың шалғай өңірлерінде де лайықты жалғасын тауып жатыр. Бұл сөзімізге Жанкелдин ауданындағы іргелі істер дәлел. Мәселен, осыған дейін Көкалат, Қызбел, Ақшығанақ, Ақкөл, Қарасу, Тәуіш тәрізді он бір ауылдың тұрғындарына сапалы ауыз су жеткізілген-тұғын. Шарапаты мол шаруаны енді өңірдің өзге елдімекендері де асыға күтіп жүр.

Аудан орталығының іргесіндегі Шеген ауылының тұрғындары өзгелердей ауыз суға аса мұқтаж емес. Жергілікті тұрғындар күнделікті асқа тұтынатын суды құдықтан тасып ішеді. Алайда, олар да жұрт сияқты орталықтандырылған құбыр арқылы судың үйді-үйге кіргізілгенін қалайды.

"Ақбұлақ" бағдарламасы Жанкелдин ауданында да кезең-кезеңмен жүзеге асып жатқандықтан барлық ауылды бірден "жарылқап тастау" әсте мүмкін емес. Сондықтан, бұдан қиынына шыдаған халықтың сәл күте тұруларына тура келеді. Өткен жылы Аманкелді селолық округінің әкімі Жарқын Сабыржанмен сұхбаттасқанда Шеген

ауылына орталықтандырылған ауыз су құбырын тарту жұмыстары 2018 жылға белгіленіп отыр дегенді айтқан еді.

— Негізі, ауыл бойынша үш құдық бар. Бірақ, жұрттың бәрінің күні осы үш құдыққа қарап отырған соң суы тез таусылып, түбі лайланып кетеді. Әйтпесе, ішіп отырған суымыз тұщы, — дейді Шеген ауылының тұрғыны Мырзатай Мұқатов. Сондықтан ішуге болмаса, басқалай қажеттіліктерге бұдан су ала бермейді. Тұрғындарды тұрмыстық тығырықтан өз ауыл-



дастары құтқарды.

Істің көзін тапқан ауыл тұрғыны Қайрат Кенжеғұлов өз тракторымен ауылға жақын орналасқан өзен-көлдерден су тасып беріп, тұрғындардың батасына кенеліп жүр. Үш тонналық бөшке тіркеп алып таң елең-алаңнан жұмысқа кірісетін ол күн ұзаққа су тасиды. Өзен суы ішуге жарамсыз болғанмен, кір жууға, бақша суаруға жарайды.

— "Су — тіршілік нәрі", — деп халқымыз тегін айтпаған ғой, ел іші болған соң суға деген қажеттілік болмай тұрмайды. Сондықтан, ойласа келе осы бір жауапты жұмысты қолға алуыма тура келді. Бәрібір мен болмасам, өзге біреу істейді емес пе. Бұдан зиян шегіп отырғаным жоқ. Қайта тракторымның соляркасы мен қосалқы бөлшектерінен қалған ақшаны отбасымның қажеттілігіне жұмсаймын. Халыққа да аз-мұз пайдам тиеді. Осыны медет тұтамын, — дейді Қайрат Нағашыбайұлы.

Оның сыртында Қазақ жұмыссыздықты жоюға қатысты бағдарлама есебінен селолық округтің кеңсесі, мектеп ауласындағы ағаштарға, гүлдерге су құяды.

Рас, ескі трактормен бес-он

шақырымнан су тасу бөлендей табыс әкелетін жұмыс емес. Алайда, жоқтан жақсы. Жұрт соның арқасында оны-мұны шаруаларын атқара қояды. Әрі Қайрат өз қызметін қымбатқа пұлдамайды. Мәселен, бір тонна су құйып берсе, 2000 мың теңге алады. Қазір ел ішінде қол қусырып қарап отырған ешкім жоқ. Тұрақты жұмысы жоқтар мал өсіреді. Өз шаруалары өзінде. Жұмыс істейтіндер жалақысын уақытылы алады. Сондықтан шығар, тоқсаныншы жылдардың ортасында басталған дүрбелең қазір басылған. Елден үдере көшу сап тиылды.

— Бұрынғыдай емес, тұрмыс түзелді. Ел ептесіп-септесіп, өз күнін өздері көріп отыр. Олай етпесе тағы болмайды. Осы Қайрат сияқты азаматтардың арқасы емес пе, жұрт баяғыдай су іздеп, алысқа сабылмайды. Шөп түсіру мәселесі де осылай шешіледі. Бір сөзбен айтқанда, ауылдың тірлігіне көпе-көрнеу кінә таға алмайсың, — деп ағынан жарылды біз сөйлескен ауыл ақсақалы Темірғали Аяпбергенов.

Иә, алыстағы ауылдың тұрғындары атқарушы билікке "аспандағы айды әпер" демейді. Тек, уақыт талабына сай ұсынылған мемлекет қамқорлығына мерзімінде қол жеткізсек деген арман-мақсаттары бар.

Жоғарыда айтқанымыздай, Жанкелдин ауданында ондаған елдімекен "Ақбұлақ" мемлекеттік бағдарламасының шарапатын көріп отыр. Бұған қазынадан бір жарым млрд. теңге қаржы жұмсалған. Соңғы үш жылдың өзінде бес бірдей елдімекенге су құбыры тартылды. Бүгінде үш жылдық тағы бір жоба қолға алыныпты. Осындай қарқынмен жұмыс істелсе, онда таяудағы жылдары шалғай аудандағы барлық елдімекендер ауыз суға қарық болмақ.

— Егер 2017 жылға дейін республикалық бюджет ақша бөлсе, онда бүкіл ауылдарды ауыз су азабынан құтқарар едік. Өзірге аудан тұрғындарының 76%-ы сапалы су ішіп отыр, — дейді Жанкелдин ауданының әкімі Асқарбек Кенжеғарин.

Суреттерді түсірген автор.

Рахмет саған, "АҚБҰЛАҚ"!

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ


"Ақбұлақ" бағдарламасының арқасында тіршілік нәріне кенелген ауылдардың қатары Арқалық қаласында да көптеп саналады. Бағдарлама бастау алғаннан бері қалаға қарасты Фурманов, Жалғызтал, Целинный, Молодежный, Матросов ауылдарына мемлекет қазынасынан қыруар қаржы бөлінген еді.

Жалпы, көп жағдайда істің орындалуына мән беріледі де кейінгі тағдыры ұмыт қалып жатады. Бүгін біз осы жағына назар аударғанды жөн көрдік.

Өткен жылы қаладағы "Нефтебаза" поселкесі де жоғарыдағыдай қуанышты бастан кешкен болатын. Нәтижесінде қанша жылдан бері су тапшылығын тартып келген тұрғындар жаппай алғыстарын айтуда.

Иван СПОНЧАК, зейнеткер:

— Біз бұл суды көптен күткен едік. Енді игілігін көріп отырмыз. Су болғасын ауламызда бау-бақша өсіріп жатырмыз. Бағымызда алма, алмұрт сынды жеміс ағаштары бар. Көкөністің де түр түрін өсіреміз. Қыруар құс өсіріп жатырмыз. Бұрын су таситын көліктерді жалдап, еп-



теп-септеп күн көретінбіз. "Ақбұлаққа" рахметімізді айтамыз.

Екатерина УВАРОВА,
"Алтын алқа" иегері:

— Бұрын саяжай ұстайтынмын. Қазір ауламызда қияр, қызанақ, баклажан, кәді, бұрыш, қысқасы не қажеттің бәрі өсіп жатыр. Су тасып қиналмайтын болдық. Көп балалы анамын. Мен үшін үйден шүмекті ашқанда судың сарқырап ағып тұрғаны үлкен көмек. Су жеткізіп берген үкіметімізге алғысымыз шексіз.



Несіпкүл ОСПАНОВА, тұрғын:

— Су келгесін жағдайымыз жақсарды. Суды үйімізге кіргізіп алып, игілігін көріп жатырмыз. Ауламызға бақша салып, өзімізге қажетті өнімімізді өндірудеміз. Тосап қайна-тып, қыстық азық-түлік қорымызды молайтып жатырмыз. Басшыларға көп рахмет!

Айткүл МЫРТАБАЕВА,
көп балалы ана:

— Судың келгені жақсы болды. Әсіресе, біз сияқты көп балалы аналарға өте қиын болатын. Балаларымыз мәз-мәйрам. Ел тұрмыстық техникаларды қосып, рахатын көруде. Үйіміздің алдында бақшамыз өсіп жатыр. Мемлекетіміздің қамқорлығына ризамыз. "Ақбұлақ" бағдарламасы халықты қуанта берсін! Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: "Нефтебаза" ауылының тұрғындары.
Суреттерді түсірген автор.



● ЕҢБЕК ДАУЫ

ЖАЛАҚЫЛАРЫН
ала алмай жүрҚарлығаш
ОСПАНОВА

Соңғы кездері маңдай термен еңбек етіп, айлық жалақыларын ала алмай, сот табалдырығын тоздырып жүргендер саны артып барады. Өз еңбекақысын ала алмай жүргені аздай, олардың қағаз жүзінде жасалған еңбекшарты жоқ екендігін алға тартып, өздерін "кінәлі" етіп жатқан кәсіпорындар да жоқ емес.

Біздің редакциямызға екі айдан бері жалақыларын ала алмай жүрген Гүлзахира Жолбарысова бастаған бір топ жұмысшы шағымданып келді. Айтуларына, ақшаларын бермей қашып жүрген "қосалқы мердігер" (субподрядчик) екен. Өйткені, Қанат Төлеубаев өзін осылай таныстырған.

Бригадир Гүлзахира Жолбарысованың қарамағындағы сегіз адаммен бірге тапсырыс бойынша жұмыс істеп, өз беттерінше нан тауып, отбасыларын асырап жүргендеріне он жылдың жүзі болыпты. Олар сырлау, әктеу, шатырды жабу, еврожөндеу сияқты құрылыс саласындағы барлық жұмыстарды атқарады. Осындай тапсырыспен Гүлзахираның қарамағындағы төрт жұмысшы Қазақстан аумағында салынып жатқан коттедждердің төбесін жабуға жалданып, жұмысқа кірісіп кеткенді. Бесінші күні әлгі өзін "субподрядчикпін" деп таныстырған Қанат деген жігіт "Щербактағы газ құбырларын сырлап жатқан жұмысшылар үлгермей жатыр, соған көмектесіп жіберіңдер, әрқайсыңа 100 мың теңгеден төлеймін" деп бұларға қолқа салған. Бұлар келісім-шартсыз жұмыс істемейтіндіктерін айтқан, бірақ Қанат оларға ақша жағынан ешқандай проблеманың

болмайтындығын, жұмысты тек сапалы әрі шығын шығармай істесендер болды деп сендірген. Сөйтіп, өзара келісімге келіп, бұлар сырлау жұмыстарына белсене кірісіп кетеді. Сөздерінше, жұмысшылардың жатар орындары да санитарлық талапқа сай болмаған, жарытып тамақ та ішпеген. Шіліңгір шілденің аптабында биіктігі 5 метр, диаметрі 260-270-тік газ құбырларын сырлап, өздеріне жүктелген жұмысты аяқтаған соң, олар жалақы мәселесімен Қанатқа қоңырау шалады.

— Бірақ ол телефонды алмады. Он күн бойы жүз рет қоңырау шалып, еш хабарласа алмадық. Міне, содан бері екі ай бойы одан ақшамызды ала алмай жүрміз. Болмаған соң, ғаламторға кіріп "Межрайгаздың" мекенжайын анықтап алдық та, салып ұрып сонда бардық. Құрылтайшысы Қуаныш Таңжарықовтың өзіне барып, бізге Қанат дегенді тауып беруін сұрадық. Сол жерде ол кісімен келіспей қалдық, өйткені ол "келісім-шартсыз неге жұмыс істейсіңдер" деп өзімізді кінәлады. Біз сияқты қарапайым жұмысшыларға келісім-шартты жұмыс беруші ұсынуы керек емес пе? Әйтеуір ақша төлемейді амалы да шығар, содан мекеменің директоры Олжас Өтемісов және инженер Алек-

сандр Григорьевич дегендер бізбен бірге Щербактағы барып, жұмыстың нәтижесін тексерген болып, ақыр соңында сапасыз атқарылған деп өзімізді кінәлап, жұмысымызды өте арзанға бағалады.

Біз мұнымен келіспедік. Шілденің аптап ыстықтарына қарамастан, маңдай терімізбен істеген жұмысымызды ауыл адамдары да көрді, куәгерлеріміз де бар. Ауыл адамдарының айтуынша, біздің алдымыздағы адамдар да бостан босқа жұмыстарын аяқсыз қалдырып кетпеген екен, өйткені біз сияқты жалақыларын дұрыс төлемеген соң, көбісі кетіп қалған. Мұндайларын білгенде, біз де келіспес едік, — дейді шағымданушы Айтуар Жолбарысов.

Көмек сұрап барған "Межрайгаз" да, Қанаттан да еш нәтиже шықпаған соң, бұлар облыстық Еңбек инспекциясына барған. Бірақ, шағымдарынан ештеңе шықпағанға ұқсайды. Ондағылар да еңбек шартының жоқтығын алға тартып, сотқа жүгінуге кеңес берген.

— Еңбек инспекциясына барардың алдында екі ай бойы қашып жүрген Қанатымыз қоңырау шалып, 49 мың теңге беремін, бөліп алыңдар деді. Біз оның бұл мазағына келіскен жоқпыз. Одан кейін тағы да екінші рет қоңырау шалып, 71 мың теңге деді, үшінші рет тағы да қоңырау шалып, 100 мың теңге беретінін айтты. Біз не сонда, мазақ қылатындай қайыршымыз ба? Бізге айтқан уәдесінде тұрып, төрт жұмысшыға 100 мың теңгеден төлесін, — дейді бригадир Гүлзахира Жолбарысова.

Біз мән-жайды білмек болып,



аталмыш мекемеге хабарластық. Олар да "судан ақ, сүттен таза"мыз" деп өздеріне шаң жуыттар емес. "Межрайгаз" ЖШС-нің директоры Олжас Өтемісовтің айтуынша, Қанат Төлеубаевпен заң бойынша келісім-шартқа отырып, тиісті төлемақыны да берген.

— Қанат Төлеубаев біздің қызметкер емес, онымен біз тек Щербактағы ауылындағы газ құбырларын сырлау жұмыстары бойынша өтеулі қызмет көрсету келісім-шартына отырған болатынбыз. Әрі қарай кімді жалдайды, жұмысты кімге істетеді, оны ол өзі шешуі тиіс болатын. Осы келісім-шарт негізінде қажетті 349 мың теңгені біз оған төледік, оның бұл қаржыны алғандығын растайтын түбіртек те бар. Ал, бұл кісілермен еңбекшартын жасаспақ түгілі, олар бізге жұмыс сұрап келген де емес. Заңға қайшы әрекет етіп отырған жоқпыз, өзімізбен келісім-шартқа отырған Қанат Төлеубаевтың ақшасын дерлік төледік. Сондықтан, "Межрайгаз" ЖШС-нің бұл кісілердің алдында ешқандай қарызы жоқ. Олар Қанаттың әрқайсысына 100 мың теңгеден беретіндігін айтқандығын алға тартып отыр. Ондай ақшаны ол қалай береді, егер келісім-шартта 349 мың теңге ғана көрсетілсе әрі смета бойынша құбырдың бір текше метрі 22 теңгеден болса, әр жұмысшыға мұндай соманы беру мүмкін емес қой. Мән

Қанаттың өзімен сөйлестім, ол бұлардың берген ақшамен келіспей отырғандығын айтты және әрқайсысына емес, тек бригадаға ғана 100 мың теңге беремін деп келіскен екен. Ал, бұл кісілер әрқайсымызға 100 мың теңгеден беріңдер деп отыр. Қазақшылыққа салынбай, жұмыс қажет болса, делдал арқылы емес, тура өзімізге келулері керек еді. Бұған біз не дейміз енді, сотқа беремін десе бізді емес, өздерін алдаған адамды берсін, — дейді Олжас Өтемісов.

Біз де Қанат Төлеубаев пен "Межрайгаз" ЖШС арасындағы келісім-шарт пен оның 349 мыңды бөліп-бөліп алғандығын растайтын түбіртектерді де өз көзімізбен көрдік. Сонда ол жұмысшыларға бақыр тиын да бермей, бар қаражатты өзі жымқырып кеткені ме? Біз Қанаттың қалта телефонына қоңырау шалып, осы іске қатысты мән-жайды сұрағанымызда, ол ең алдымен бұларды танымайтындығын айтты да, артынша "ештеңе айтпаймын" деп бізбен сөйлесуден бас тартты. Мемлекеттік инспектор Гуля Қаратаева да бұл жерде еңбек шартының болмауы аяққа тұсау болып отырғандығын айтады. Сондықтан, бұл мәселені енді сот арқылы ғана шешуге болады екен. Тек, құзырлы мекемелер де еңбек шартын алға тартып, ал кінәлілер осы жағдайды өз пайдасына жаратып кетпесе болғаны да.

● БОЛАШАҚҚА 100 ҚАДАМ

Маңызды құжат талқыланды

Хамитбек
МҰСАБАЕВ

Аманкелді ауданы әкімі аппаратының мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті өкілдерімен Қазақстан Республикасы Президентінің "100 нақты қадам" стратегиясын талқылау өткізілді.

Оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Б.М.Беспалинов және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

басқармасының басшысы Ә.М.Досекенов, аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қ.Саматов және аудан әкімі орынбасарлары, аудан әкімі аппаратының басшысы, аудандық басқармалар мен бөлім басшылары, аудан әкімі аппаратының жауапты қызметкерлері, ауыл және ауылдық округ әкімдері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Талқылауды аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов ашып, жүргізіп отырды.

Мәжілістің күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Президентінің 5 институционалдық реформасын жүзеге асыруға байланысты ұсынылған "100 нақты қадам" стратегиясы талқыланды.

Алғашқы сөз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Берген Беспалиновке берілді. Ол өз сөзінде

Елбасы ұсынған стратегияның маңызына кеңінен тоқталды. Стратегияда көрсетілген 100 нақты қадамның елімізді одан әрі өркендетіп, дамыған 30 елдің қатарына қосуға ерекше ықпал ететінін айтты.

Келесі кезекте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының басшысы Әсет Досекенов Стратегияның "Кәсіби мемлекеттік аппарат құру", "Заңның үстемдігін қамтамасыз ету" бағыттары бойынша талқылауға қатысқандарға кеңінен түсінік берді. Ол аталған тақырыптар бойынша 2016 жылы жасалатын өзгерістерді жан-жақты сөз етті.

Мұнан соң аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов Стратегияның "Индустрияландыру және экономикалық өсім" бағыты



бойынша белгіленіп отырған міндеттер туралы баян етті.

Ал, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Н.Қ.Төжин Стратегияның "Біртектілік пен бірлік" бағыты бойынша, аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы М.С.Сакетов стратегияның "Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру" бағыты бойынша атқарылатын істерді ортаға салды.


Елбасының "100 нақты қадам" стратегиясын талқылау барысында аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қ.Саматов Ә.М.Досеке-

новке стратегия негізінде мемлекеттік қызметкерлерге жалақы мен бонустың қалай төленетіні жөнінде сұрақ қойды. Бұл туралы Ә.М.Досекенов нақты жауап берді.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕ: ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Б.М.Беспалинов пен осы департаменттің басқарма басшысы Ә.М.Досекенов.

● КЕЛБЕТ



небір мықты мамандар ұстаздық етті. Негізінен ер азаматтар. Тек әдебиетте ғана емес, «алыптар шоғыры» деген тіркесті білім саласына қатысты да қолданар болсақ, олардың қатарында Қыпшақ Ысмағұлов, Көкімжан Нұрпейісов, Ислам Балахметов, Көшек Ермекбаев, Кәмел Абдрахманов, Кенжеғара Қалиев, Мәнай Нұрғазин, Әлімғазы Ермекбаев, Мырзалы Қалқаев, Атымтай Шілтиев сынды ұстаздарымызды атар едік. Бастауыш сыныптарда бүгінде жасы 90-нан асқан Күләнда Уайысова апайымыз қызмет етті. Кейіннен педагогтік ұжымға Қасым Нұрсейітов, Темір Тілемісов, Аманжол Айтқұлов ағайларымыз бен Алма Әмірғалиқызы, Тамара Қалиева, Гүлжауһар Ысмағұлова апайларымыз келіп қосылды. Аталған мұғалімдердің бәрі аралас мектебіміздің

кін, балдай тәтті балалық шақ-ай десеңізші!.. Анасынан ақ шашпен туғандай көрінетін Нұрсұлтан ағайымыз сол кезде небәрі отыздан асқан жас жігіт екен ғой.

«Ол кісі қандай мұғалім болды?» деген сұраққа ғұлама Әл-Фарабидің мына бір өсиет сөздері жауап болатындай көрінеді: «Ұстаздың мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауы керек, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек. Өйткені аса қаталдық шәкіртті өзіне қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру қадірін кетіреді, берген білімі мен ғылымына шәкіртті селқос қарайтын болады».

Кейін дипломға ие болып, туған мектебінде аяулы ұстаздарыммен бірге қоян-қолтық еңбек ете жүріп, оларды тереңірек тани бастадым. Маған Нұрсұлтан ағайдың ана тілімен қатар, орыс

оралады. Адам деген ардақты атты тек ұжымда ғана емес, туған-туысқандармен, көрші-қолаң, көпшілік қауыммен қарым-қатынаста да лайықты арқалап жүргенін көріп жүрміз. Ол ұдайымен 18 жыл аудандық Кеңес пен мәслихатқа депутат болды.

Біздің отбасы мүшелеріне де қашаннан жылы қабақ танытып, өзінің ақ ниетін білдіріп жүргені. Сонау 1980 жылы әскер қатарында жүрген інім Ұранның мекенжайын сұрап алып, қателеспесем, туған күніне құттықтау жеделхатын жібергені бар. Әкем Балтаға үнемі «Бәке» деп тіл қатып, құрмет тұтатын. Жан әкеміз 2004 жылы кенеттен қайтыс болғанда, күннің борандатып тұрғанына қарамастан, көрші Қожа ауылынан көлік толы адамдарды бастап келгенін қалайша ұмытарсың. «Қайғы бөліссе, азаяды»

Ұстазы бар адамдар ешқашан қартаймайды

Ұлағатты ұстаз Нұрсұлтан Шәйкенұлы туралы сөз

Аяулы ұстазға деген ыстық ілтипат, ерекше құрмет сезімі шәкірт жүрегінде мәңгілік ұялайды екен. Мен бұған Нұрсұлтан Шәйкенұлының «Қостанай таңында» жарияланған «Ел қорғаны» (17.07.2015) мақаласын оқи отырып, тағы бір мәрте көз жеткіздім.

Сұрапыл соғысты жеңіспен аяқтап, аман-есен елге оралған Қыпшақ Ысмағұлұлының өмірінен, ұстаздың жолынан сыр шертер деректерді келтіре отырып, автор келер жылы кейіпкерінің туғанына 100 жыл толатыны туралы құлағдар етеді.

Иә, адам өміріндегі айтулы бір даға орай, мерейжас иесі туралы сөз айту, лебіз білдіру я болмаса қандай да бір іс-шара өткізу бұрыннан жалғасып келе жатқан игі дәстүр.

Н.Шәйкенұлы да, ол кісі ардақ тұтатын Қ.Ысмағұлұлы да біздің ұстаздарымыз, киелі Науырзым өңірінде адал еңбек етіп, білім беру саласында еңбек сіңірген мұғалімдер. Қанша жасқа жетсек те, балғын балалық шақтан оң мен солымызды таныған, ақ пен қараны ажыратқан, кәмілет жасқа жеткен кезеңге дейін білім нәрімен сусында-тып, жақсылық атаулыға баулыған жандардың қадірін уақыт өткен сайын тереңірек сезініп, сағынышпен еске аламыз.

Тек анасы ғана емес, ұстаздары бар адамдар да қартаймайды десек, артық болмас. Неге десеңіз, әлі күнге шәкірт қалпымыздан таймай, ұстазымыз алдында именіп тұрамыз, сый-құрметімізді білдіруге тырысамыз. Бүгінде арамызда жүрген Нұрсұлтан ағайымыз 70 жасқа толғанда, облыстық газет арқылы арнайы құттықтау сөзімізді жолдаған едік. Содан бері де он жыл жылжып өтті. Бұл жолы да үнсіз қалуды жөн көрмедік.

Ұстаз туралы сөз қозғағанда, өзге де мұғалімдеріміз, оқушы кезіміздегі кейбір ұмытылмас сәттеріміз көз алдымызға келеді.

Алпысыншы жылдары Науырзым орта мектебінде «елімнің басы болмасам да, сайының тасы болайын» дейтін



қазақ сыныптарында сабақ берді.

Ал, үлкен ұжымның көрігін қыздырып, барлық істерге бастамашы болып, бел ортасында жүретін Нұрсұлтан ағайымыз еді десек, қателеспейміз. Қою, қайратты ақ шашын шалқасынан қайырып, шалқайып тік жүретін мұғалім бізге химия, биологияны оқытып үйретті. Ол кісі үй тапсырмасының дұрыс орындалуын жіті қадағалап, жақсылап тыңдайтын. Ондағысы оқушының кезекті тақырыпты қаншалықты түсініп, меңгергендігін анықтау, олқы тұстарын толықтыруға өзге балаларды тарта отырып, мәселені бірлесе шешу, осылайша білімнің берік, тиянақты болуына ықпал ету ғой. Сондай-ақ биолог ағайымыз біздің жазғы тәжірибелік жұмысымызға да жетекшілік ететін.

Ақсуат көліне таяу орналасқан мектебіміздің сыртын ала қоршалған үлкен аумағында көктемде көкөністер отырғызып, жазда оқушылар оларды кезекпен күтіп, баптайтынбыз. Жағалай өсіп тұрған зәулім ағаштардың басына шығып, асыр салып ойнаушы едік. Шір-

тілінде жетік сөйлейтіні ұнайтын. Жазуы өте сұлу, екі тілде де сауатты жазады. Үлкен-кішімен тіл табысып, әзіл-қалжыңды да орынды айта біледі. Әлі есімізде, Мырзалы ағай көрінсе, «Қалқаев, келе жатыр шалқайып», Ысмағұловқа қарата «Әй, Сәб-и-ит!» деп, соңғы екі дыбысқа екпін түсіре қайталап, отырғандарды мәз қылатын. Ал, Сәбең болса, үлкен қара көздері нұрға толып, жымиятын да қоятын. Осы тұста «әр сөзі құйылғандай қорғасыннан» деп, Нұрекеңнің сөзге шешендігін, нақты, жақсы сөйлейтіндігін айтып өткеніміз жөн болар.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген» деген сөзі бар.

Ақыл-парасаты мол Н.Шәйкенов ұзақ жылдар бойы оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметін абыроймен атқарды. Адамгершілігіне қоса кәсіби және басшылық қызметтегі біліктілік, жауапкершілік, талапшылдық секілді қасиеттері өз жемісін беріп отырды. Осындайда «Жақсы адам ғана жақсы басшы болады» деген нақыл тілге

демекші, қиын-қыстау кезеңде жаныңа жақын адамдардың қасыңнан табылып, демеу болғанын жұбаныш етесің.

Адам баласын бауырым деп сүйетін, жан-жағына шапағат шуағын төгетін, жаны жайсаң Нұрекеңді білетіндер бүгінде оны көрген-түйгені мол ел ағасы ретінде сыйлап, құрмет тұтады. Осы ретте белгілі түрколог-ғалым, жазушы Немат Келімбетовтің «Қазақ дейтін тұтас қауымды бөліп-жармай, бүкіл елдің қамын ойлау дәрежесіне дейін көтерілген құрметті қартты «ақсақал» дегім келіп тұрады» деген сөзін келтірген орынды секілді. Киелі Науырзым өңірінің ардақты тұлғаларын насихаттауының өзі кейіпкеріміздің азаматтық бір қырын көрсетсе керек. Жақсы ағайымызға алдағы уақытта да жақсылық атаулы молынан болғай!

Ұстаз туралы аз-кем сөзімді аяқтай келе, мынаны айтқым келеді: жоғарыда есімдері аталған мұғалімдеріміздің қай-қайсысы болсын өзінше бір өлем. Олардың кейбірінің жазып қалдыған дүниелері бар. Ұрпақтары, әріптестері, шәкірттері бар, Науырзым мектебінен шыққан Күлтай Абдрахманова, Мағауия Қалиев, Дархан Әбдурахит, Гүлжан Марқабай сынды журналистер бар. Қызметтес болғандар, аталмыш мұғалімдердің бірі болмаса, бірінен тәлім-тәрбие алғандар естелік жазса, бәрін біріктіріп «Науырзым мектебінің мұғалімдері» атты кітап шығарылса, тағылымы мол игі бір іс болар еді...

«Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет ет» деп Қожа Ахмет Яссауи бабамыз өсиет еткендей, ұстаздарды құрметтеудің бұл түрі Мәңгілік ел болуға бет бұрған мемлекетіміздің еңсесінің биіктей түсуіне әсер етері сөзсіз.

Пиалаш СҮЙІНКИНА,
Ы.Алтынсарин атындағы
Рудный әлеуметтік-гуманитарлық
колледжінің оқытушысы.

СУРЕТТЕРДЕ: Нұрсұлтан Шәйкенов және Науырзым орта мектебінің ұжымы. Сол жақтан екінші Нұрсұлтан Шәйкенов.

● ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

Биыл елімізде Қазақ хандығының 550 жылдығы кең көлемде тойлануда.

Осыған орай, ой өрбітсек, кешегі ата-бабаларымыздың аңсаған арманы орындалып егемендігімізді алып, ел болып тәуелсіздігіміз тиіп, бабалардың білегінің күшімен, ақ найзаның ұшымен, шыбындай жанын шүберекке түйіп, осыншама ұлан-байтақ жерді қорғап бізге мирас қылып қалдырғанын естен шығармауымыз керек.

Қазақ хандығының 550 жылдық тарихы құрметіне Қостанай-Тобыл өңірінен шыққан бүкіл қазақтың хас батырларының қатарында жерлесіміз Дербісәлі мен Маңдай батырлар да лайық. Ағайынды қос батыр жаугершілік заманда үш жүздің ханы Абылайдың әскерінің бір шетін бастаған қол басшылар. Жау жүрек бабаларамыздың айбыны мықты жауынгер екенін, есімдері елге мәлім Қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырларымызбен үзеңгілес жүріп, бірнеше жорықтарға қатысқаны туралы І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясының 346 бетінде айқын жазылған. Қазақтың шұршіттермен (қытайлармен) бір соғысындағы Тәттіқара жыраудың мына жырынан да білуге болады.

Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақұлы болат найза.
Алдында су, артынан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда
Бөкенді айт Сығырменен
Дулаттағы,
Дербісәлі, Маңдайды айт
Қыпшақтағы,
Өзге батыр қатысса да
бір қайтпайтын,
Сары мен Баянды айт Уақтағы.
Келесі дерек. Абылайхан Орда-

сы («Көшпенділер» 350-бет). Міне тізесіне тізесі тие отырып кексе тартқан Бөгенбай, оған таяу Жабай батыр, әрірек Қыпшақ Дербісәлі мен Маңдай, Дулат, Бөкей, Алтайдың ақбас атаны Сеңгірбай, Уақтан шыққан Сары батыр. Бәрінің де даңқы жер жарады.

Сонда Абылай хан Маңдай батырға: «мынау кіндік қаның тамған Тобылды саған сыйладым, анау ортаға түскен олжа мал-жан мүліктен не аласың?» депті. Маңдай батыр: «Осы сый-құрметіңізге рахмет, маған қатын, келіншек, қыздарды және жетім қалған балаларды берсеңіз болды.

Зердемізді жаңғыртсақ

(«Көшпенділер» І.Есенберлин 358-бет) Шұршіттердің ел шекарасынан асып елді талап жатқанын елшілер жеткізген шақта жан-жаққа шабармандар шаптырып қатты қысылған шағы. Қазықұрт жаққа көз тастап тұрған шақта, кенет ат дүбірі естіледі. Абылайдың жүзі жылып сала береді. Бұл келген Қыпшақ Маңдай батыр мен Керей Жанай батырдың жасақтары еді, «Аттан» деген айқайды естісімен хан ордасына жеткен беттері.

Бұл оқиғалардан басқа кітапқа еңбей қалған ел аузындағы аңыз былай дейді:

Тобыл өзен бойын жайлаған қалың Жоңғар елі жергілікті қазақтарға күн көріс бермей жанды-жанға, малды-малға қостырмай, шұрайлы жерді өздері (алып) иемденіп, міне осы жағдайға шыдамаған Маңдай батыр қолы Абылай ханның көмек әскерімен Тобыл бойын азат еткен.

Қатын, келіншектерді тоқалдыққа беремін, қыздарды үйленбеген жігіттерге қосамын, ал жетім балаларды өсіріп-тәрбиелеп Қоқан хандығындағы жерді қайтарып алу үшін даярлаймын» деген екен. Абылай хан қолын жайып: «Қыпшақ Маңдай батыр, батырлығыңмен қоса даналығың сай екен, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын. Осындай батырларымыз көп болсын! «Әумин» депті. Басқа да кітапқа еңбеген көп ерліктері әңгімелер жетерлік. Әсіресе қартайған шағында мешіт салып, медресе ашып бала оқытқаны. Алқа мүшелерін сайлап билік құрған шақтары ол бір төбе, қазір сол ауыл Алқау ауылы атанды.

Бірақ тәуелсіздік алғалы батыр бабалардың лайықты бағасын ала алмауы, елі-жері Тобыл өңірін мекендеген жұртты қынжылтады. Сіздер мен біз болып осы оқшылықтың орнын толтырсақ нұр үстіне нұр болар

еді. Дербісәлі мен Маңдай батырлардың есімдерін ел жадында жаңғырту үшін ауыл және көше аттарына аттарын беруді ұсынамыз. Мәселен, Затобол кентінің орталығындағы қызыл империя көсемдерінің бірі Калинин көшесін (сол көшеде Маңдай батыр мешіті орналасқан) Маңдай батыр көшесі деп атасақ қандай жарасымды.

Сондай-ақ Қостанай ауданының Давыденко ауылын бұрынғы тарихи есімін «Кенжебай ауылы» дегенді қайтарсақ... (Кенжебай Сүттібайұлы — батырлардың тікелей ұрпағы болғандықтан 1929 жылы репрессияға ұшырап «Халық жауы» атанып Қостанай Ақ түрмесінде әулетімен атылған) атасақ деген ұсыныстарымыз бар. Бұл ұсынысты қолдаған Давыденко ауылы тұрғындарының қолдары қойылған тізім бар. Бұл мәселе бұрында көтеріліп қол қойылған тізім Қостанай ауданының мәслихатына жолданған болатын, бірақ әртүрлі себептермен шешілмей жатыр.

Осы бастаманы қолдап, мен қазақтың баласымын деген ер-азаматтар бар болар. Осындай тарихи есімдері мен ерліктері бар бабаларымызға қандай сый-құрмет көрсететін уақыт жетті. Себебі ортамыздағы Дербісәлі мен Маңдай батырларымызда кесене жоқ, жалаңаш жатыр, тек бір белгі тас бар. Оның өзін Мұхамбет Қанафия қажы Темірғалиев ақсақал балаларымен тұрғызған, сауап үшін.

Құрметті редакция, сізге осы материалды жолдай отырып, қолдарыңыздан келгенше көмектеседі деп ойлаймын. Бәрімізге бір ойланатын кез келген сияқты.

Жақсылық МЕНДІБАЙТЕГІ.

Давыденовка ауылы,
Қостанай ауданы.



ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ



Ханафи мазхабы және тұлғалары

Елімізде дәстүрлі болып заңды түрде бекітілген Ханафи мазхабы мен қазақ халқы дәстүрінің сабақтас-тығы көптен бері айтылып келе жатқан тақырып. Соңғы кездері қазақты түрлі деңгейде Исламнан алыс-татуға тырысушы пікірлер пайда болды. Кейбірі теріс пиғылмен әдейі әрекет етсе, енді бірі білместікпен на-дандық дәуіріне тартады. Бірі қазақ халқының негізгі діні бақсылық десе, енді бірі қазақ жерінде басқа да діни дәстүрлер басым болды, қазақ мұсылманшылықтан алыс болды деген негізсіз пікірлерін тықпалайды. Кейбір адасқан ағымдар халқымызды Алланың бірлігін, таухидті білмеген, аруаққа, отқа табынған, қазақ халқы тек жиырмасыншы ғасырдың аяғында мұсылман бола бастады деген теріс пікірлер таратуда.

Ислам діні елімізге VIII ғасырдың ортасында келе бастаған, ал оған дейін қазақтың көп тайпалары Көк

Төңірге сиынып келген. Исламды қабылдаған соң шынайы Төңірдің бір Аллаһ екенін танып білді. Қазақ халқы мұсылман болған соң еш уақытта «ширкке», яғни Аллаға серік қосуға жол бермеген. Бір Аллаға құл-шылық етіп, әулиелер мен аруақтарды құрмет тұтқан. Оларға оқыған Құранның сауабын «хадия» етіп бағыштаған. Мұның барлығы Құран ережелері мен Мұхаммад пайғамбарымыздың сүннетіне сай келетін амалдарынан алынған.

Біздің елімізде шарифаттағы іс-амал мазхабы – ұлы имам Әбу Ханифаның мазхабы болып табылады

Исламның бірінші ғасырында, яғни хиджри жылының 80-ші жылында дүниеге келген Нұғман ибн Сәбит (Имам Ағзам әбу Ханифа) Пайғамбар мақтап кеткен алғашқы үш ғасырдың Са-лафу Салих (Алғаш ғұмыр кешкен тазалар) қатарынан жарып шыққан ұлы ғалымдардың бірі. Құран мен

сүннетке, қияс пен иджамаға негізделі отырып 500 000-нан астам шариғи шешімдер қалдырып кеткен, Пайғамбар (А.С.) сахабаларының көзін көрген, олардан өз құлағымен хадис естіген, Имам Бухаридің ұстазы Уақиғ ибн Жаррахтың ұстазы болған, Мұтлақ Мұжтахид атағын алған ғұлама.

Әбу Ханифаның мектебі Исламның екінші ғасырынан бастап бүкіл Ислам әлеміне тарала бастады. Сол замандағы сахабалардың шәкірттері ол кісінің білімін мойындап, аталмыш мектеп уақыт өте келе мазхаб болып қалыптасқан. Бүгінгі таңда Ханафи мазхабында дүниежүзі мұсылмандарының басым көпшілігі.

Қазақ халқының ұлттық бет-бейнесі, ділі мен тілі, әдет-ғұрыпы осы идеологиялық мектептің негізінде қалыптасты.

Қазақша «ғұрып» сөзі «әл-бурф» сөзінен шыққан. Араб тілінде адамдарға үйреншікті болған, әдетте-

гі іс-әрекет, үрдіс деген мағыналарды білдіреді.

Халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптар Ислам заңнамасындағы құқықтық нормалардың бастауларының бірі болып саналады. Алла Тағала: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен өмір ет және на-дандардан теріс айнал», – деп бұйырған (Ағраф сүресі, 199-аят.) Алланың Елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық түскен кезде арабтардың арасында да алуан түрлі әдет-ғұрыптар, дағдылар бар болатын. Пайғамбар (с.а.с.) олардың Құдай Тағаланың өмір-тұйымына кереғар кел-мейтінін қабылдап, қарсы келетініне тыйым салды. Шарифатта халыққа үйреншікті болған жақсы дағдылар мен әдет-ғұрыптарды дәлел ретінде келтіруді барлық мазхабтардың имамдары қолдайды.

Шарифат білгірлері әдет-ғұрыптың шарифатта қабыл алынуының бірнеше шартын белгілеген. Олардың бастылары төмендегідей:

1. Құран Кәрім мен Сүннетке және мұсылман ғұламаларының ортақ ұғарымдарына кереғар келмеуі тиіс.

2. Үкім шығарылған уақытта халық арасында кең қолданылатын болуы тиіс. Негізінде, әдет-ғұрыптар әр заманда өзгеріске ұшырап отырады. Тарихта болып, кейіннен жойылған әдет-дағдылар шарифатта есепке алынбайды.

3. Қарастырылатын әдет-ғұрып бұқара халықтың арасында кең таралған, үйреншікті дағды болуы тиіс. Жекелей адамдар арасындағы әдеттердің заңдылық күші жоқ.

Жоғарыда айтылған негіздерге сәйкес ата-бабаларымыз Исламның шарифаты мен халқымыздың әдет-ғұрыптарын ұштастырып, бірге ұстанған. Сонымен қатар, теріс және шарифатта тыйым салынған әдеттерге жол бермеуге тырысқан.

Саян ҚОСЖАН.

Постановление акимата Костанайской области
от 28 июля 2015 года № 313

Об утверждении регламентов государственных услуг в сфере религиозной деятельности

В соответствии со статьей 16 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемые:
регламент государственной услуги "Проведение регистрации и перерегистрации лиц, осуществляющих миссионерскую деятельность";
регламент государственной услуги "Выдача решения об утверждении расположения специальных стационарных помещений для распространения религиозной литературы и иных информационных материалов религиозного содержания, предметов религиозного назначения";
регламент государственной услуги "Выдача решения о согласовании расположения помещений для проведения религиозных мероприятий за пределами культовых зданий (сооружений)".
2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области Н. Садуакасов.
Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов
28 августа 2015 года под № 5851.

Утвержден постановлением акимата
от 28 июля 2015 года № 313

Регламент государственной услуги "Проведение регистрации и перерегистрации лиц, осуществляющих миссионерскую деятельность"

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Проведение регистрации и перерегистрации лиц, осуществляющих миссионерскую деятельность" (далее - государственная услуга) оказывается местным исполнительным органом области (государственное учреждение "Управление по делам религий акимата Костанайской области") (далее - услугодатель).

Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется канцелярией услугодателя.

2. Форма оказания государственной услуги - бумажная.

3. Результат оказания государственной услуги - свидетельство о регистрации (перерегистрации) миссионера по форме, согласно приложению 1 к Стандарту государственной услуги "Проведение регистрации и перерегистрации лиц, осуществляющих миссионерскую деятельность", утвержденного приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 23 апреля 2015 года № 147 "Об утверждении стандартов государственных услуг в сфере религиозной деятельности" (далее - Стандарт), либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги в случаях и по основаниям, предусмотренным пунктом 10 Стандарта.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги - бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является подача услугополучателем заявления по форме с приложением документов (далее - пакет документов), указанных в пункте 9 Стандарта.

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов, осуществляет их регистрацию, передает пакет документов руководителю услугодателя, 30 минут.

Результат процедуры (действия) - регистрация пакета документов;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя, на-

гает соответствующую визу, 3 часа.

Результат процедуры (действия) - виза руководителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя рассматривает представленный пакет документов, на соответствие предъявляемым требованиям, подготавливает проект результата оказания государственной услуги, 28 (двадцать восемь) календарных дней.

Результат процедуры (действия) - проект результата оказания государственной услуги;

4) руководитель услугодателя ознакомливается с проектом результата оказания государственной услуги и подписывает его, 1 (один) календарный день.

Результат процедуры (действия) - подписанный результат оказания государственной услуги;

5) сотрудник канцелярии услугодателя выдает результат оказания государственной услуги услугополучателю, 30 минут.

Результат процедуры (действия) - выдача результата оказания государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

6. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги:

- 1) сотрудник канцелярии услугодателя;
- 2) руководитель услугодателя;
- 3) ответственный исполнитель услугодателя.

7. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) сотрудник канцелярии услугодателя после осуществления приема пакета документов и их регистрации, передает пакет документов руководителю услугодателя для наложения визы, 30 минут;

2) руководитель услугодателя ознакомливается с пакетом документов и передает его с соответствующей визой ответственному исполнителю услугодателя, 3 часа;

3) ответственный исполнитель услугодателя, рассмотрев пакет документов, передает подготовленный проект результата оказания государственной услуги руко-

водителю услугодателя, 28 (двадцать восемь) календарных дней;

4) руководитель услугодателя приняв соответствующее решение, передает результат оказания государственной услуги сотруднику услугодателя, 1 (один) календарный день;

5) сотрудник канцелярии услугодателя осуществляет выдачу результата оказания государственной услуги услугополучателю, 30 минут.


8. Справочник бизнес-процессов оказания государственной услуги указан в приложении к регламенту.

4. Описание порядка взаимодействия с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

9. Взаимодействие с центром обслуживания населения и (или) иными услугодателями, а также использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги не предусмотрены.

Приложение
к регламенту государственной услуги "Проведение регистрации и перерегистрации лиц, осуществляющих миссионерскую деятельность"

Справочник бизнес-процессов оказания государственной услуги "Проведение регистрации и перерегистрации лиц, осуществляющих миссионерскую деятельность"



Утвержден постановлением акимата
от 28 июля 2015 года № 313

Регламент государственной услуги "Выдача решения об утверждении расположения специальных стационарных помещений для распространения религиозной литературы и иных информационных материалов религиозного содержания, предметов религиозного назначения"

1. Общие положения

1. Государственная услуга "Выдача решения об утверждении расположения специальных стационарных помещений для распространения религиозной литературы и иных информационных материалов религиозного содержания, предметов религиозного назначения" (далее - государственная услуга) оказывается местным исполнительным органом области (государственное учреждение "Управление по делам религий акимата Костанайской области") (далее - услугодатель).

Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется канцелярией услугодателя.

2. Форма оказания государственной услуги - бумажная.

3. Результат оказания государственной услуги - решение об утверждении расположения специальных стационарных помещений для распространения религиозной литературы и иных информационных материалов религиозного содержания, предметов религиозного назначения.

Форма предоставления результата оказания государственной услуги - бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

4. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является подача услугополучателем заявления по форме с приложением документов (далее - пакет документов), указанных в пункте 9 Стандарта "Выдача решения об утверждении расположения

специальных стационарных помещений для распространения религиозной литературы и иных информационных материалов религиозного содержания, предметов религиозного назначения", утвержден приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 23 апреля 2015 года № 147 "Об утверждении стандартов государственных услуг в сфере религиозной деятельности".

5. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) сотрудник канцелярии услугодателя принимает пакет документов, осуществляет их регистрацию, передает пакет документов руководителю услугодателя, 30 минут.

Результат процедуры (действия) - регистрация пакета документов;

2) руководитель услугодателя определяет ответственного исполнителя, налагает соответствующую визу, 3 часа.

Результат процедуры (действия) - виза руководителя услугодателя;

3) ответственный исполнитель услугодателя рассматривает представленный пакет документов и подготавливает соответствующий проект результата оказания государственной услуги, 24 (двадцать четыре) календарных дней.

Результат процедуры (действия) - проект результата оказания государственной услуги;

4) руководитель услугодателя ознакомливается с проектом результата оказания государственной услуги и подписывает его, 5 (пять) календарных дней.

(Окончание в следующем номере газеты).

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 28 шілдедегі № 314 қаулысы

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидиялар нормативін, сондай-ақ өлшемдер мен талаптарын бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген, Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидиялар нормативі, сондай-ақ өлшемдер мен талаптар бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі Н. Садуақасов.
Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 27 тамыз № 5848 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 28 шілдедегі
№ 314 қаулысымен бекітілген

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидиялар нормативі, сондай-ақ өлшемдер мен талаптар

1. Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша субсидия нормативі – бір ұрықтандырылған аналық бас үшін 3487 теңге.

2. Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуді субсидиялау бағыты бойынша өлшемдер мен талаптар:

– Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер тізілімінде техник-осеменатор, дистрибьютерлік орталық ретінде тіркеудің болуы.

Постановление акимата Костанайской области
от 28 июля 2015 года № 314

Об утверждении норматива субсидий, а также критериев и требований по направлению субсидирования возмещение до 100% затрат по искусственному осеменению маточного поголовья крупного рогатого скота в личных подсобных хозяйствах

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 19 ноября 2014 года № 3-1/600 "Об утверждении Правил субсидирования развития племенного животноводства, повышения продуктивности и качества продукции животноводства" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемые норматив субсидий, а также критерии и требования по направлению субсидирования возмещение до 100% затрат по искусственному осеменению маточного поголовья крупного рогатого скота в личных подсобных хозяйствах.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким области

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов
27 августа 2015 года под № 5848.

Н. Садуақасов.

Утверждены постановлением акимата
28 июля 2015 года № 314

Норматив субсидий, а также критерии и требования по направлению субсидирования возмещение до 100% затрат по искусственному осеменению маточного поголовья крупного рогатого скота в личных подсобных хозяйствах

1. Норматив субсидий по направлению субсидирования возмещение до 100% затрат по искусственному осеменению маточного поголовья крупного рогатого скота в личных подсобных хозяйствах – 3487 тенге за одну маточную голову.

2. Критерии и требования по направлению субсидирования возмещение до 100% затрат по искусственному осеменению маточного поголовья крупного рогатого скота в личных подсобных хозяйствах:

– наличие регистрации в реестре субъектов в области племенного животноводства Республики Казахстан в качестве техника-осеменатора, дистрибьютерного центра.

Попко Юрий Александрович, сенімді тұлғасы – Калиевская Анна Владимировна кепілдік мүлкі сот қарауынан тыс өткізу тәртібінде Қостанай облысы, Федоров ауданы, Пешков ауылдық округінің аумағында орналасқан, шаруа қожалығын жүргізуге арналған: кадастрлік нөмірі 12-191-032-041, жалпы алаңы 27,0 га жер теліміне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға беру) құқығын сату жөніндегі сауда өткізетіні туралы хабарлайды. Сатып алу бағасы сауда өткізу сәтінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде қолма-қол ақшамен енгізіледі.

Сауда-саттық 2015 жылғы 18 қыркүйекте сағат 10.00-де мына мекен-жай бойынша өткізіледі:

Қостанай облысы, Федоров ауданы, Пешков ауылы, Пушкин көш., 1 "А"
Өтінімдер 2015 жылғы 17 қыркүйекте сағат 18-00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жері бойынша Федоров ауылы, К. Либкнехт көшесі, 2 "В" үйде қабылданады. Анықтама телефоны: 8-702-884-11-44.

Доверенное лицо Попко Юрия Александровича – Калиевская Анна Владимировна в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельный участок, расположенный на территории Пешковского сельского округа, Федоровского района, Костанайской области, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства: земельный участок с кадастровым номером 12-191-032-041, общей площадью 27,0 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов.

Торги состоятся 18 сентября 2015 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Федоровский район, с. Пешковка, ул. Пушкина, 1 "А"
Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 17 сентября 2015 года. По месту нахождения доверенного лица в п. Федоровка ул. К. Либкнехта, дом 2 "В", телефон для справок: 8-702-884-11-44.

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 3 тамыздағы №326 қаулысы

Әкімдіктің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 45 "Облыстық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленетін, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі 238-бабының 3-тармағына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 45 "Облыстық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленетін, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3670 болып тіркелген, 2009 жылғы 25 ақпанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:
"Облыстық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленетін, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:
"1. Қосымшаға сәйкес облыстық бюджет

қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленетін, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасында:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:
"Облыстық бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленетін, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

"Спорт мамандарының лауазымдары" деген 6-тармақ алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Н. Садуақасов.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде
2015 жылғы 25 тамыз
№ 5834 болып тіркелген.


●ҚҰТТЫҚТАУ

Мерейтой-80!

Наурызым ауданы Қожа ауылының тұрғыны, ағарту саласының ардагері, елге сыйлы қадірменді ақсақал **Нұрсұлтан Шәйкенұлы** қыркүйектің 10 жұлдызында 80 жасқа толады.

Біз қамқоршы ағамыз, асқар таудай әкеміз, ақылшы атамсызды 80 жасқа келуімен құттықтаймыз! Алдағы өмірде зор денсаулық, мол бақыт, балалары, немере-шөберелері, жиендерінің қызығын көріп, ұзақ жасай беруін тілейміз.

Тілек білдіруші інісі Бәкіжан, балалары, немере-шөберелері, жиендері.



Құттықтаймыз!

Арқалық қаласының тұрғыны тәтеміз **Бикен Баймұратқызын** туған күнімен әрі құрметті демалысқа шығуымен құттықтай отырып, кіршіксіз көңілден шыққан ізгі тілектерімізді жолдаймыз!

Отбасында мейірамды ана, асыл жар, құрметті әже бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты күні ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз. Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын, жанарыңыздан әрдайым нұр себелеп, жаныңыз шаттыққа кенелсін демекпіз.

Шаңырағыңызға шаттыққа ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын.
Ізгі тілекпен Әмір Төсекбайұлы жанұясы

Пфунт Иосиф Францевичтің сенімді тұлғасы – Калиевская Анна Владимировна кепілдік мүлкі соттан тыс өткізу тәртібінде Қостанай облысы, Федоров ауданы, Пешков ауылдық округінің аумағында орналасқан, шаруа қожалығын жүргізуге арналған: кадастрлік нөмірі 12-191-032-162, жалпы алаңы 27,0 га және кадастрлік нөмірі 12-191-032-198, жалпы алаңы 63,6 га жер телімдеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға беру) құқығын сату жөніндегі сауда өткізетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы сауда өткізу сәтінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде қолма-қол ақшамен енгізіледі.

Сауда 2015 жылғы 18 қыркүйекте сағат 12.00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі:

Қостанай облысы, Федоров ауданы, Пешков ауылы, Пушкин көш., 1 "А"
Өтінімдер 2015 жылғы 17 қыркүйекте сағат 18-00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жері Федоров селосы, К. Либкнехт көшесі, 2 "В" үйде қабылданады. Анықтама телефоны: 8-702-884-11-44.

Доверенное лицо Пфунт Иосифа Францевича – Калиевская Анна Владимировна в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки, расположенные на территории Пешковского сельского округа Федоровского района, Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства: земельный участок с кадастровым номером 12-191-032-162, общей площадью 27,0 га. и земельный участок с кадастровым номером 12-191-032-198, общей площадью 63,6 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов.

Торги состоятся 18 сентября 2015 года в 12.00 часов по адресу: Костанайская область Федоровский район с. Пешковка, улица Пушкина 1 "А"
Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 17 сентября 2015 года
По месту нахождения доверенного лица в п. Федоровка ул. К. Либкнехта, дом 2 "В", телефон для справок: 8-702-884-11-44

Қостанай облысы МАЭС 2015 жылғы 24 тамыздағы ұйғаруымен "Евростиль" ЖШС қатысты оңарту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды. БИН 031240003891. Кредиторлардың мына мекенжайға хабарласуларына болады: Қостанай қ., Байтұрсынов көш., 70.

Определением СМЭС Костанайской области от 24 августа 2015 года возбуждено дело о применении реабилитационной процедуры в отношении ТОО "Евростиль", БИН 031240003891. Кредиторам обращаться по адресу: г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 70.

Постановление акимата Костанайской области
от 3 августа 2015 года №326

О внесении изменений в постановление акимата от 20 января 2009 года № 45 "Об определении перечня должностей специалистов в области здравоохранения, социального обеспечения, образования, культуры и спорта, являющихся гражданскими служащими и работающих в сельской местности, для которых за счет средств областного бюджета устанавливаются повышенные не менее чем на двадцать пять процентов должностные оклады и тарифные ставки по сравнению с окладами и ставками гражданских служащих, занимающихся этими видами деятельности в городских условиях"

В соответствии с пунктом 3 статьи 238 Трудового кодекса Республики Казахстан от 15 мая 2007 года акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Костанайской области от 20 января 2009 года № 45 "Об определении перечня должностей специалистов в области здравоохранения, социального обеспечения, образования, культуры и спорта, являющихся гражданскими служащими и работающих в сельской местности, для которых за счет средств областного бюджета устанавливаются повышенные не менее чем на двадцать пять процентов должностные оклады и тарифные ставки по сравнению с окладами и ставками гражданских служащих, занимающихся этими видами деятельности в городских условиях" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 3670, опубликовано 25 февраля 2009 года в газете "Қостанай таңы") следующие изменения:

заголовок изложить в новой редакции:
"Об определении перечня должностей специалистов в области здравоохранения, социального обеспечения, образования и культуры, являющихся гражданскими служащими и работающих в сельской местности, для которых за счет средств областного бюджета устанавливаются повышенные не менее чем на двадцать пять процентов должностные оклады и тарифные ставки по сравнению с окладами и ставками гражданских служащих, занимающихся этими видами деятельности в городских условиях";

пункт 1 изложить в новой редакции:
"1. Определить перечень должностей спе-

циалистов в области здравоохранения, социального обеспечения, образования и культуры, являющихся гражданскими служащими и работающих в сельской местности, для которых за счет средств областного бюджета устанавливаются повышенные не менее чем на двадцать пять процентов должностные оклады и тарифные ставки по сравнению с окладами и ставками гражданских служащих, занимающихся этими видами деятельности в городских условиях согласно приложению.";

в приложении к вышеуказанному постановлению:

заголовок изложить в новой редакции:

"Перечень должностей специалистов в области здравоохранения, социального обеспечения, образования и культуры, являющихся гражданскими служащими и работающих в сельской местности, для которых за счет средств областного бюджета устанавливаются повышенные не менее чем на двадцать пять процентов должностные оклады и тарифные ставки по сравнению с окладами и ставками гражданских служащих, занимающихся этими видами деятельности в городских условиях";

пункт 6 "Должности специалистов спорта" исключить.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Костанайской области

Н. Садуақасов.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов
25 августа 2015 года под № 5834.

● МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР

Жеңістің дәмі тәтті

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қостанай облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың ұйымдастыруымен "Қостанай облыстық мүгедектерді оңалту орталығы" КММ мүгедек спортшылардың оңалту курстарынан өтіп жатқан пациенттермен және оның қызметкерлерімен Қазақстандағы Спорт күніне арналған кездесу өткізді. Аталған күн Қазақстанда тамыздың үшінші жексенбісі күні – 16



де бар. Осы кезеңнен бастап Светлана үшін қиын кезеңдер басталып та кетті.

Светлананың спортқа келуі осылайша аяқ астынан болды десе де болатындай. Қазір өзіне сенімді. Жетістіктері де мақтануға тұрарлықтай. Екі ұлын тәрбиелегенімен қоймай, сіңілісінің жетім қалған қызын қамқорлығына алған. Қазір өзін үш баланың анасымен деп толығымен айта алады.

Спортта жүрген мүгедек жандарға қамқорлық аз екенін де жасырмады ол. "Өзге елде жақсы көрсеткіш көрсету үшін көп дайындық қажет екені белгілі. Ол үшін көрегіңнің сақадай сай болғаны жақсы. Ал бізде жетпей қалатын дүниелер көп. Жәй ғана арнайы көзілдірік, электронды көздегіш сияқты қарапайым заттар жоқ. Тағы бір айта кететіні, өзге қалаларда мүгедек спортшыларға арнайы стипендия тағайындаған. Ал бізде ол жоқ. Егер қаржылай көмек болып жатса қандай жақсы" деген ойын білдірді.

Ал, Рустам Валитов – үстел теннисі бойынша ҚР спорт шебері, 2010 жылдан бастап түрлі республикалық жарыстарға қатыса жүріп 2-3 жүлделі орындарға ие болды, 2014 жылы Шымкентте өткен жұптық жарыста бірінші орынды жеңіп алған. Спортпен ҚИЖЭУ оқып жүріп айналыса бастады және аталған оқу орнын "Ақпарат жүйелері" мамандығы бойынша жемісті бітіріп шыққан. Рустам да денсаулығын алға тартып, салғырттыққа салынған емес. Бар ойы алға жылжу. Даму. Жетілу. Тек өзiрге бойдақ. Сүйіктісін кезіктіріп жатса қуанышы арта түсер еді дегенді жеткізе кетті. Рустамның аяғы ауырады. Бірақ спортқа шын берілген азамат.

Андрей Зелевскийдің қос жанары нашар көреді. Жеңіл атлетика бойынша ҚР спорт шебері, түрлі жарыстардың жеңімпазы, облыстық арнайы кітапхананың тұрақты пайдаланушысы, жан-жақты, білімді азамат. Оның бар байлығы отбасы. Спортты барынша дамытқысы-ақ келеді. Әттең соңғы кезде көзі мазасын алыңқырап жүргенін жасыра алмады.

Кеш қонақтарының жан жаралары жетерлік. Бірақ олардың бойынан ерекше күш қайратты сезінесің. Меніңше мұндай кездесулерді жиі өткізіп, көпке үлгі ете білуіміз керек сияқты. Мұндай азаматтармен біздер мақтануымыз керек қой.

Шара соңы эфирден "Қазақстан спорты. Жеңіске жеткізер жол" фильмін көрсетумен аяқталды. Оқырмандар кітап көрмесіне қойылған басылымдармен жан-жақты танысып, соның нәтижесінде 20 дана кітап пен журнал қолға берілді.



тамызда аталып өтіледі.

Шағын ғана залда бірнеше ғана адам бас қосқан екен. Мерекелік шараға сырттан келген жандар аз-ау деп топшылады. Бәрі де осы жерде болса да жеткен жетістіктері қаншама. Тіптен таң қаласың. Олардың әңгімелерін тыңдап отырып, адам баласы қиындыққа тап болғанда ғана уақыттың, денсаулықтың қадірін бағалай түсетін сияқты ма қалай деген ой да келеді.

Оңалту орталығының кіреберісінде спорт туралы, қазақстандық спортшылар туралы әдебиеттер мен қостанайлық спортшылар мен паралимпиадашылардың жетістіктері туралы газет материалдары қойылған "Сын сағатта сүйеу болған спорт" атты кітап көрмесі де безендіріліпті. Шараға қатысушылар көрмеге қойылған әдебиеттерді қолдарына алып, парақтап, қызыға танысып жатты.

Шараға шақырылған қонақтар өздері туралы әңгімелерін бастап та кетті. Спортшы болған соң ба, әлде сөзге жоқ па олар мақтануды білмейтін жандар екендері бірден сезіледі. Бірақ кешті жүргізуші әр спортшыны таныстырғанда олардың бірнеше жыл ішінде жеткізген жетістіктерінен ат үркеді десе де болатындай.

Неткен қайсарлық. Бойдағы сарқылмайтын жігер деймін іштей. Қиындығы мен қуанышын бірдей бастан кешірген оқиғалары кімді болмасын ойландырады сөзсіз. Бастарына қиындық туған шақта өздеріне қолдау білдірген қайырымы мен мейірімі мол адамдар туралы барынша қызықты да тартымды әңгімелеп жатыр. Ұзаққа созылған күйзелістен шығуларына кім көмектескені, спортқа кім алып келгені, спортпен айналысқаннан бері өмірлерінің қалай өзгергені жайында қойған көптеген сұрақтарына жауап та беріп жатыр. Кеш қонақтары, сол пансионат демалушыларының көздеріне жас ала қол соғып, құрмет көрсетіп отырғандарын қатарда отырған мен де көрдім.

Осы қонақтардың қатарында Светлана Ким бар. Светлана мылтық атудан ҚР спорт шебері, ҚР төрт дүркін чемпионы, Польша мен Ұлыбританияда өткен Әлем кубогына қатысушы. Светлана 2014 жылғы Азия ойындарында 7 орынды иеленіп, соның арқасында Қазақстанның 2016 жылы Рио-де-Жанейрода өтетін олимпиадаға қатысуына мүмкіндік беретін лицензия жеңіп алған. Ыңғайсыз болса да айта кетейін Светлананың оң қолы протез. 2000 жылдары жарақат алған екен. Сап сау жүрген басы қиындыққа тап болады. Өзінің айналысып жүрген кәсіпкерлігі

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

НАЗАР САЛЫҢЫЗДАР, САУДА-САТТЫҚ!

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы мүлікті сату бойынша сауда-саттық өткізу жөнінде хабарлайды

Сауда-саттыққа шығарылатын мүлік:

Лот: автокөлік маркасы «Chevrolet Niva 2123 Lc», шығарылған жылы - 2008.

Бастапқы бағасы: 592 200 теңге.

Кепілді жарна: бастапқы құнының 5 %. Кепілдікті жарна «ҚазАгроҚаржы» АҚ есепшотына аукцион өткізілетін күнге дейін салынуы тиіс.

Лот бойынша адым: 15 000 теңге.

Сауда-саттық өткізілетін және қатысушылар өтінімдерін қабылдайтын мекен-жай: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай к., Таран көшесі, 147 үй.

Сауда-саттық өткізілетін күн және уақыт: 2015 жылғы «25» қыркүйек, сағат 11:00.

Сауда-саттық өткізу әдісі: голландтық әдісі бойынша сауда-саттық (бағасын түсіру талаптарында).

Басқа талаптар: Сауда-саттыққа қатысушы тіркеуден өту үшін келесі құжаттарды беруі қажет: сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім, жеке құжат көшірмесі, кепіл жарнасын төлегендігін анықтайтын құжат және оның көшірмесі, (занды тұлғалар үшін) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің және жарғының көшірмесі.

Ең жоғары баға ұсынған сауда-саттық қатысушысы жеңімпаз болып мойындалады. Мүлік жеңімпазға мүлік орналасқан жерде табысталады.

Өтінімдерді қабылдау жұмысы осы ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап, сауда-саттық басталардан бір сағат бұрын тоқталады. Сауда-саттыққа кепілді жарнаны төлеп, белгіленген уақытта сауда-саттыққа қатысуға өтінім толтырған қатысушы жіберіледі.

Сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: жеңімпаз саудаға салынған мүлікті сатып алуға арналған ақша қаражаттарын сауда-саттық өткізілген күннен бастап, үш жұмыс күні ішінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ деректемелері бойынша аудару арқылы төлейді.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ деректемелері: ЖСК KZ459261501105871002 «Қазкоммерцбанк» АҚ, Астана к., БСК KZKOKZKX, БИН 991240000043, алушы «ҚазАгроҚаржы» АҚ.

Аукционист – Сералин Е.А.

Аукционшының орналасқан жері мен байланыс телефоны: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Таран көшесі, 147 үй, тел.: 8 (714-2) 999775.

● МЕКТЕПKE ЖОЛ

Қуанып қалды



ҚР ІІМ Қостанай облысы бойынша ҚАЖ Департаменті де "Мектепке жол" республикалық акциясына атсалысудан тыс қалған жоқ.

Осындай сауабы мол акцияны бастаушы топтың бірі – Қостанай облысы бойынша ҚАЖ Департаментінің бастығы, әділет полковнигі Тілеуберген Көнекбаев бастаған қызметкерлер тобы.

"Офицер" деген атақ иеленген еліміздің азаматтары қызмет барысында қайтыс болған әріптестерінің артында қалған бала-шағасына көмек көрсетуді құп көріп 7 жасар Мұхаммедәлі Қапанға қолдан келген көмектерін аямады.

Кездесуге келген Мұхаммедәлінің анасы мен әжесі Тілеуберген Сәкенұлына және барлық офицерлік құрамға ұмыт қалдырмағандары және мектепке баруға көмек көрсеткендері үшін алғыстарын білдірді. Әкесінің көзін көргендердің батасын алған Мұхаммедәлі марқайып қалды.

Жұлдыз СМАҒҰЛОВА,
Қостанай облысы бойынша
ҚАЖД жеке құрам бойынша
инспекторы, әділет аға лейтенанты.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті
редакциясы” ЖШСДиректор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВДиректор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың

орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42

Фототілшілер 54-73-36

Социологиялық зерттеу орталығы:

54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:

54-99-88, 39-26-88

Компьютер орталығы:

54-54-45

Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91

Аманкелдіде: 2-17-40

Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02

Рудныйда: 5-57-60

Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,

Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

(А) – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10580. Тапсырыс 1958.

Нөмірдің кезекші редакторы: Гүлназым САФИТОВА.